ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«ЖАМБЫЛ ИНДУСТРИАЛДЫ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК

# «Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы

**Тараз қаласы - 2024 жыл**

## І. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР:

**1)Білім беру ұйымының толық атауы:**
«**Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжі**» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
**2)Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):**
Тараз қаласы, Өтеген батыр көшесі, № 49
**3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта,web-сайт):**
87262-46-70-83, tarazpl12@mail.ru, Zhitc08@yandex.kz, сайт: - http://zhitc.edu.kz
**4)Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері**
(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):
**Туменбаев Даурен Кыдырбекович- колледж директоры**
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2024 жылғы 21 карашадағы №323 Ж/Қ-Қ бұйрығымен Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжінің директоры қызметіне тағайындалды.
**5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары**
(заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуден 2018 жылы 14 желтоқсанда өткен, ҚР салық төлеушісінің сериясы БСН № 080240017055 куәлігі берілген.

Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжі 85 жылдан астам уақыт бойы халыққа құрылыс, энергетика, көлік және қызмет көрсету салаларында жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша білім беру қызметтерін ұсынған.

№ 16 ФЗУ № 29 училище болып қайта құрылды, мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы Заңға сәйкес 15.09.64 ж. бұйрығымен училище ГПТУ -102 "Металлистов" болып қайта құрылды .

13.09.1984 жылы №220 бұйрық ГПТУ-102 "Металлист" жалпы білім беретін және кәсіби мектебінің реформасына байланысты №4 орта кәсіптік – техникалық училище (СПТУ-№4), 1988 ж. бастап ПТУ-4 болып өзгертілді .

Жамбыл облысы білім департаментінің 1996 жылғы 5 тамыздағы № 101 бұйрығына сәйкес№ 4 орта кәсіптік-техникалық училищесі №1 кәсіптік-техникалық мектеп болып қайта құрылды.

Жамбыл облысы әкімінің .2000 жылдың 03 карашасындағы №653 шешімі негізінде №1 кәсіптік-техникалық мектеп №1 кәсіптік мектеп болып қайта құрылды.

Жамбыл облысы әкімінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 335 қаулысына сәйкес №1 кәсіптік мектеп "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының № 12 кәсіптік лицейі"МКҚК болып атауы өзгертілді.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 198 қаулысы негізінде "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының № 12 кәсіптік лицейі" МКҚК "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№ 12 "Тараз" колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып аталды.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 казандағы №203 қаулысы негізінде Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№ 12 "Тараз" колледжі» КМҚК "Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжі" деп өзгертілді.

**6) Рұқсат беру құжаттары** (Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы).

Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжінің педагогикалық ұжымы білім беру қызметін «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Жамбыл облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің **2019 жылы 01 қантарда берген** нөмірі **KZ22LAA00013773** лицензия және лицензия қосымшалары негізінде жүзеге асырады. Колледжде медициналық қызмет Жамбыл облысының Денсаулық сақтау басқармасы, Жамбыл облысы әкімшілігінің **2012 жылғы 7 қыркүйекте берген** нөмірі **12010592** лицензиясына сәйкес жүргізіледі.

**Білім беру іс-әрекетін жүргізуге құқықты растайтын лицензияға сәйкес жүзеге асыратын мамандықтар және біліктіліктер тізімі:**

1) **Лицензия қосымша нөмірі: 014**

**07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану**

3W07320702 Жол-құрылыс машиналарының машинисі

2) **Лицензия қосымша нөмірі: 013**

**07150500 Дәнекерлеу ісі**

3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші

**07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану**

3W07161301 Автомобиль жөндеу слесарі

**07210300 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі**

3W07210303 Наубайшы

**07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)**

3W07130101 Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)

**06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)**

3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы

3) **Лицензия қосымша нөмірі: 014**

**07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану**

3W07320702 Жол – құрылысы машиналарының машинисі

4) **Лицензия қосымша нөмірі: 015**

**07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану**

3W07161302 Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик

5) **Лицензия қосымша нөмірі: 016**

**07140500 Сандық техника (түрлері бойынша)**

4S07140504 Техник – электронщик

6) **Лицензия қосымша нөмірі: 017**

**07210300 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі**

3W07210302 Кондитер

7) **Лицензия қосымша нөмірі: 018**

**07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану**

4S07161304 Техник – механик

8) **Лицензия қосымша нөмірі: 019**

**06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)**

4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы

9) **Лицензия қосымша нөмірі: 020**

**07140500 Сандық техника (түрлері бойынша)**

3W07140501 Сандық техниканы монтаждаушы-жөндеуші

## II. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

**1) білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі:**

**тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;**

**білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету;**

**теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оқыту жүйелерін дамыту;**

**кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;**

**техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау**

**1) білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі:**

- тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету;
- теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оқыту жүйелерін дамыту;
- кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау;

Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжінің миссиясы: Еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандарды сапалы даярлау.

Колледждің миссиясы стратегиялық даму жоспарына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың стратегиялық бағыттарын ұстана отырып, оқу үрдісін жаңғырту, білім беруді инновациялау қызметіне бағытталған. Бұл миссияны жүзеге асыру мақсаты – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әр мамандықтың міндетті кәсіби құзыреттіліктерін меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау болып табылады. Колледждің стратегиялық жоспары төмендегі бағыттарды қамтиды:

- Студенттердің білімі мен дағдысын дамыту;
- Әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Студенттердің білімі мен дағдысын дамыту;
- Кәсіптік бағдарлау жұмыстары;
- Мамандар сапасын арттыру;
- Педагогтардың сапалық құрамын арттыру ;
- Білім сапасын арттыру;
- Білім сапасын бақылау және бағалау жүйесін жетілдіру;
- Түлектерді жұмыспен қамту;
- Еңбек нарығына мониторинг жүргізу;
- Материалдық-техникалық базаны жаңғырту.

Колледж миссиясының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға барлық ұжым қатысады, негізгі орындаушылар оқытушылар құрамы мен өндірістік оқыту шеберлері болып

табылады..Үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға, экономика мен білім берудің жаңа бағыттарының пайда болуына байланысты колледж өзінің миссиясы мен стратегиясын кезең-кезеңімен қайта қарастырып, өзгерістер енгізіп, педагогикалық кеңесте бекітуді жоспарлап отырады. Теориялық оқыту мен өндірістік тәжірибені ұйымдастыру үрдісін модернизациялау арқылы білім сапасын жетілдірудің маңызды міндеттері мен оқу-тәрбие процесінің әдістерін жетілдіру - колледждің білім беру саясатының басым бағыты. Жоғарыда көрсетілген бағыттарға сәйкес колледж жұмыс беруші кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестікте өзара ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Себебі, колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткішін арттыру арқылы оқу орнының имиджі нығаяды және бітіруші білімгерлердің тұрақты тәжірибеден өтетін өндіріс орындарындағы кәсіди машықтары мен дағдылары дамиды. Мақсатқа жету жолында өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне (мемлекет, қоғам, жұмыс берушілер, түлектер, талапкерлер, білім алушылар мен колледж қызметкерлері) тұрақты бағдар беру болып табылады. Колледжде алқалы шешімдер шығару үшін педагогикалық кеңес, оқу- әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, қамқоршылық кеңес,индустриялық кеңес ұйымдары бар. Сонымен қатар кәсіподақ ұйымы, пәндік циклдік комиссиялар, топ жетекшілер бірлестігі, білім алушылардың өзін- өзі басқару кеңесі жұмыс атқарады.

Колледжді басқару ҚР «Білім беру» заңнамасымен, Жарғымен айқындалады. Тікелей басшылықты, білім беру қызметін, қаржылық-шаруашылық, күнделікті жұмыстарды басқаруды педагогтар ұжымы мен қоғамдық ұйымдарға сүйене отырып директор жүргізеді.

Колледж өз қызметін алдағы бес жылға арналған стратегиялық жоспарға сәйкес айқындап, оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізеді. Колледж жұмысының әр саласы бойынша жасалған жоспарға сәйкес басқарылып, бақылау жүргізілді.

Осы орайда өндірістегі техника мен технологияларда жұмыс атқара білетін мамандар даярлау мақсатында өңіріміздегі бітіруші білімгерлерді жұмысқа қабылдайтын жұмыс беруші кәсіпорындар мен әлеуметтік серіктестердің түлектерге қойылатын талаптары зерделенді.

Қаржыландыру жүйесіде жыл сайын өсіп келеді.

Соңғы бес жылда колледждің материалдық-техникалық базасы 324 млн. теңгеге нығайтылды.

Колледжге бөлінген жалпы қаражат өткен жылмен салыстырғанда 452 млн. теңгеден 499 млн. теңгеге артты.

Жан басын қаржыландыру жүйесіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бір студентке жылына 443 мың теңге қаралған.

Колледждің материалдық-техникалық базасы 15 млн. теңге нығайтылды. Турникет, конвекциялық пеш, жылдам мұздату, қамыр көтеру, қамыр жайатын аппараттар, тоңазытқыштар, мұздатқыштар, музыкалық аппарат, компьютерлер мен принтерлер, оқулықтар алынды.

1-ші оқу корпусының жылу жүйесі, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Қолданыстағы және сатып алынған құрылғылар негізінде «кондитерлік ісі» бойынша зертхана, «Ұлттық кабинет», «Ата-аналарды қолдау орталығы» ашылды.

Колледж жатақханасындағы көрпелер, газ плитасы, тоңазытқыш, кіші толқынды пеш қайта жаңартылды.

Студенттердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында колледждегі аналогтық бейне бақылау камераларын - цифрлық бейнебақылау камераларына ауыстыру, мекемедегі бейнебақылау жүйесін орталықтандырып, қайта жаңғырту мақсатында 2 млн. теңге каралды.

Колледждің сыртқы кіреберісін ағымдағы жөндеу жұмыстары арқылы өзгертілді. 2020 жылы колледждің «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» және «Дәнекерлеу ісі» мамандықтары «Жас маман» жобасына енді. Осы жоба аясында аталған

мамандықтар **бойынша 313 692 093 мың теңгеге** келесі құрал- жабдықтар алынып,оқу үрдісінде іске қосылды:

1.Перделермен толықтырылған металл дәнекерлеу үстелі -23 дана, жалпы құны – 58 061 200,00 тг.

2.Тұтқасы бар жұмыс үстелі, қорғаныс экраны-13 дана, жалпы құны -2 793 700,00 тг.

3.Жартылай автоматты дәнекерлеу құрылғысы KempactRA 253 R -25 дана, жалпы құны - 29 399 972,00 тг.

4.Инвентарлық дәнекерлеу машинасы- 26 дана, жалпы құны- 24 205 970 тг.

5.Нүктелі дәнекерлеу машинасы SPOT THI30&50 -1 дана, жалпы құны – 2 137 624,16 тг.

6.TIG b MMA аргонды дәнекерлеуге арналған қондырғы WeildProfi350 -13 дана, жалпы құны-15 033 185,44 тг.

7. Гильотина электромеханикалық станок О11-10х1000--1 дана , 6 560 714,72 тг.

8.Ауа плазмасымен кесетін құрылғы- 6 дана, жалпы құны -7 055 993,28 тг.

9.Ауаны шығаратын құрылғының пайдаланылған газды кетіру жүйесі HC1503854- 2 дана жалпы құны -1 821 254,40 тг.

10.Дизельді қозғалтқышты тексеру және тестілеу стенді- 1 дана, жалпы құны-6362158,88 тг.

11.MAN жүк көлігіне арналған беріліс қорабы (коробка передачи) -2 дана, жалпы құны-3 641 759,14 тг.

12.MAN қозғалтқышы- 2 дана, жалпы құны- 7 273 280,00 тг

13.Жүк көліктері мен арнайы техникаға арналған автомобиль сканері FCARF7S-G- 1 дана жалпы құны-1 083 101,60 тг.

14.Интерактивті панель-3 дана, жалпы құны – 9 116 940,00 тг.

15. Мультимедиялық ноутбук Ladwe- 25 дана , жалпы құны- 5 051 000,00 тг

16. Автокран DFZ5255OC25T - 1 дана, жалпы құны- 96 294 240,00 тг

17.Экскаватор LINGON6CLG777A- 1 дана , жалпы құны – 37 800 000,00 тг

Сапалы білім беру – сапалы қызмет көрсету материалдық-техникалық базаға тікелей байланысты.

Колледждің жалпы жобалық сыйымдылығы - 583 орын.

Колледжге 8 мамандық 12 біліктілік бойынша білім беру лицензиясы шектеусіз мерзімге берілген.

Колледж 2026 жылға дейін институционалдық аккредиттеуден және мемлекеттік аттестттаудан өткен.

Аталған құжаттар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына мемлекет тарапынан қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін растайды.

Колледжде 3-шеберхана, 7-зертхана, 1 – оқу полигоны бар.

Студенттер 1 гектар аумақты құрайтын оқу полигонында 2 дана - авто кран, 2 дана – экскаватор, 1 дана – жеңіл авто көліктермен тәжірибелік сабақтарды өткізуге толық жағдайлар жасалған.

110 орынға арналған асхана, 32 орынға арналған жатақхана студенттерге қызметін тұрақты көрсетуде.

Өздеріңізге белгілі соңғы жылдары қауіпсіздік талаптарына мемлекет тарапынан ерекше назар аударылуда. Колледжде студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Күзет» қызметі, дабыл түймесі, хабарландыру жүйесі, турникеттер орнатылған. Колледждегі бейне бақылау камералары Полиция бөлімінің Жедел басқару орталығына қосылған..

Оқу кабинеттерін цифрландыру мен оқу үрдісінің ұйымдастырылуын технологияландыру үшін 13 оқу кабинеті интерактивті тақталармен, оған қоса 3 арнайы пәндер кабинеті интерактивті панель тақтасымен, 3 оқу кабинеті проекторлармен жабдықталған. Кітапхана жанындағы оқу залы мультимедиялық подиуммен қамтамасыз етілген. Жалпы колледждің оқу-өндірістік жұмыстарын жүргізуде 105 компьютерлік құрылғы іске қосылған. Олардың 65 данасы 3 компьютерлік сыныптардағы оқу процесінде

қолданылса, 12 данасы оқу зертханаларында өндірістік оқыту процесінде жаттығуға арналған, сондай-ақ 28 данасы оқу- жұмыстарын жүргізуде қолданылады.

Барлық оқу кабинеттерінде кабинет паспорттары мен жұмыс жоспарлары бар. Студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 8 өртке қарсы щит, 8 өрт сөндіру краны және 1 гидранд, 52 өрт сөндіру құралы бар. Колледжде 3 жерден бақыланатын 27 бейнебақылау камералары бар, оның ішінде 14 бейнекамера орталықтандырылған (ЦОУ-ға қосылған).

Оқу процесі 2020 жылдың наурыз айынан бастап 2021 жылдың 31 наурызына дейін «zhambyltipo.kz» білім беру платформасында, ал 2021 жылдың қараша айынан бастап осы уақытқа дейін қашықтықтан оқытудағы оқу үрдісі Edu Page сайтында жүргізіледі. Осы платформалар арқылы қашықтан оқыту жағдайында сабақ кестесіне сәйкес студенттерге дәрістер, презентация, тақырыптық тапсырмалар, пән оқытушысы немесе өндірістік оқыту шеберлері түсірген бейнесабақтар , интернет желісінен алынған материалдар контенті ұсынылынып отыр. Кәсіптік білім берудегі аралас форматта оқытуда колледждің youtube каналында және «Талап» КЕАҚ сайтында «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша- 6 сабақ, «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығы- 8 сабақ, «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы- 4 сабақ, «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» - 2 сабақ, «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер»- 4 сабақ, «Электр жабдықтары» мамандығы бойынша— 2 сабақ , барлығы- 26 сабақ, жарияланды. https://youtube.com/channel/UCkmH06NWZN13D7L_bJonTxA сілтемесі бойынша жарияланған сабақтар оқытушылар мен білім алушылар үшін қолжетімді.

**Білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету**

Мамандық таңдау – әрбір азаматтың маңызды кезеңі болып табылады. Осы орайда 9-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету «Кәсіби бағдар беру іс-шаралары жоспарына» сәйкес жүзеге асырылады. Жыл сайын кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асыратын ақпараттық топ құрылып, жоспарға сәйкес түсіндірме жұмыстарын атқарады. Ақпараттық топ Тараз қаласы, Байзақ, Жамбыл аудандары мектептерімен тығыз байланыс жасап, оқушыларға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Мектептің ата-аналар жиналысына қатысып, колледжде даярланатын мамандықтар туралы толық мағлұмат береді. Бейнероликтер көрсетіліп, мамандықтың маңыздылығын атап өтіп, толыққанды ақпарат береді.

Жоспарға сәйкес колледжде мектеп оқушыларына арналған «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, мектеп оқушыларына колледждің материалдық-техникалық базасы таныстырылып, экскурсия жүргізіледі. Мамандықдар бойынша оқу зертханалары мен оқу шеберханаларында кәсіби сынамалар өткізіледі. Мектеп оқушылары және олардың ата-аналарының қатысуымен әлеуметтік серіктестермен кездесу өткізіледі. Ақпараттық топ мамандықтар туралы таратпа материалдарын дайындап, көпшілік орындарға таратып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

**Теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оқыту жүйелерін дамыту;**

Колледж Миссиясына сәйкес, білім беру бағдарламалары бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұраныска ие, кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі бар, өзінің азаматтық ұстанымы бар, кәсіби қызметінде өндірістік міндеттерді қалыптастыра алатын және өз бетінше шеше алатын мамандарды даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламаларының мазмұны теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеру үшін білім алушылардың базалық және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мамандықтар бойынша оқу жұмыс бағдарламалары үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынып, оқыту нәтижесіне бағытталып құрылған, оқу жұмыс жоспарлар әлеуметтік серіктестермен келісіліп, колледждегі оқу қызметі пәндер бойынша жұмыс оқу жоспарлары және жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Кадрларды даярлауды жетілдіру үшін білім беру бағдарламасында қазіргі ғылыми жетістіктер, оқу үдерісін ұйымдастыру стандарты және жаңа технологияларды қолдану ескеріледі. 2015 жылдан бастап колледжде дуальды оқыту жүйесі енгізілді. Дуалды оқыту

бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны ҚР ТжКБ МЖБС және жұмыс беруші-серіктестердің талаптарына сәйкес келеді.

Колледждің білім беру бағдарламаларында дуальді оқытуды қолдану арқылы теориялық оқытудан өндірістік оқытудың кемінде алпыс пайызы (60%) мекемелерінің базасында тәжірибеден өту қарастырылған және дуалды оқыту бойынша білім беру оқытудың модульдік технологиясы бойынша құрастырылған. Әр мамандық бойынша білім беру ұйымы анықтайтын таңдау пәні қарастырылған. Таңдау пәні студенттерге техника мен технологияның өзгерістерін студенттерге дер кезінде меңгертуге бағытталған.

Колледждің бренд құруға және имиджін сақтауға бағытталған қызметін кеңінен насихаттау колледж **сайтында (http://zhitctaraz.kz), http://192.168.1.2/student.kz- колледждің ішкі порталы, Facebook facebook парақшасы https: // www. facebook.com/ZHITK, инстаграм https://instagram.com/zhitk_taraz?igshid=1fgfnigx5x4**.

Бағдарлама бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі жұмыс берушілердің және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес базалық және кәсіби құзыреттерді анықтауға бағытталған. Әрбір құзыреттілік негізінде модуль тәуелсіз, өзін-өзі қамтамасыз ететін және ББ толық бөлімі ретінде анықталады. Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын «Кәсіпқор» Холдингі АҚ ұсынымдарын ескере отырып, колледж оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері жұмыс беруші мамандармен ақылдаса отырып құрастырды.

"Холдинг Кәсіпқор" КЕАҚ ұсынысының негізінде интеграцияланған модульдік оқу жоспарлары, сондай-ақ барлық мамандықтар бойынша модульдік білім беру бағдарламалары әзірленді. Негізгі орта білім базасында мамандық бойынша интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі жалпы орта білім алу және екі біліктілік беру-жұмысшы мамандықтар мен орта буын маманы-2 жыл 10 айды құрайды.

Модульдік бағдарламалар базалық және кәсіби модульдердің интеграциясы негізінде құрылады, олар оқуға, өздігінен оқуға арналған оқу материалын таңдауда икемділік пен еркіндіктің қажетті дәрежесін қамтамасыз етеді.

**Кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;**

Колледж облыстағы техникалық және кәсіптік мамандықтар бойынша базалық білім беретін оқу орны ретінде қоғам мен еңбек нарығының өзгерістеріне қарай жедел бейімделетін оқу орны. ТжКБ беру бағдарламалары ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, колледждің біліктілігі мен миссиясына сәйкес келеді. МЖМБС 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 және мамандықтардың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес әр мамандықтың кәсіби стандарттарына сәйкес білім берудің негізгі сипаттамаларының кешені оқу нәтижелеріне бағытталған.

Мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негізгі регламенттеуші құжаттар:

- 04.07.2018 ж. № 171-V ҚР Заңы • "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы;
- "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы »;
- "Тиісті үлгідегі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы • );
- "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды, білім беру бағдарламаларын, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер мен

кәсіптік практиканың үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" ҚР БҒМ 2009 жылғы 18 тамыздағы №388 бұйрығы);

- ҚР БжҒМ 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 Бұйрығы "әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік ережесі"»;
- ҚР БжҒМ 2007 жылғы 24 қазандағы №506 "техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы (12.11.2015 ж. жағдай бойынша);
- ҚР БжҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 65 бұйрығымен бекітілген ТжКБ үшін оқу мерзімдері мен білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтар тізбесі);
- "Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы);
- Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»;
- Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;
- Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы
- Кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру кезінде колледж ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген "кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және тәжірибелік база ретінде ұйымды анықтау қағидаларын" басшылыққа алады.(02.11.2018 жылғы өзгерістермен)ж. №611).
- Дуалды оқытуды жүзеге асыру кезінде колледж ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 "Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа алады.
- Колледж ББ мазмұнын қалыптастыру кезінде техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, мамандықтардың үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарын ескереді. Барлық ББ – да жұмысшы мамандықтары бойынша кәсіби қызметке дайындау үшін біліктілік деңгейіне сәйкес келетін негізгі құзыреттілікті дамытатын оқу компоненттер қарастырылған.

Әрбір білім беру бағдарламасының құрылымы келесі пәндер цикліне біріктірілген білім алушылардың оқу іс-әрекетінің түрлері мен пәндерін анықтайды:

- жалпы білім беру пәндері (ЖБП);
- Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер;
- кәсіби және арнайы пәндер;
- кәсіби тәжірибе және өндірістік оқыту(КТ және ӨО);
- дипломалды тәжірибе;
- білім беру ұйымы анықтайтын пәндер (ББҰАП);
- аралық аттестаттау (АА);
- кеңес беру (К);
- факультативтік сабақтар (Ф);
- қорытынды аттестаттау (ҚА, кешенді емтихандарды тапсыру)

Кадрларды даярлауды жетілдіру үшін білім беру бағдарламасында қазіргі ғылыми жетістіктер, оқу үдерісін ұйымдастыру стандарты және жаңа технологияларды қолдану ескеріледі. 2014 жылдан бастап колледжде дуальды оқыту жүйесі енгізілді. "Холдинг Кәсіпқор" КЕАҚ ұсынысының негізінде интеграцияланған модульдік оқу жоспарлары, сондай-ақ барлық мамандықтар бойынша модульдік білім беру бағдарламалары әзірленді. Негізгі орталау білім беру базасында мамандық бойынша интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламасын

меңгеру мерзімі жалпы орта білім алу және қос біліктілік беру-жұмысшы мамандықтар - 2 жыл 10 ай  мерзімінде күндізгі оқу нысанында ұйымдастырылды.

Модульдік бағдарламалар базалық және кәсіби модульдерді біріктіру негізінде құрылған, ол оқу материалын іріктеуде, өз бетінше зерделеуде икемділік пен еркіндіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

Модульдік бағдарламалар  базалық және кәсіби модульдердің интеграциясы негізінде құрылады, олар теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастыруда меңгеруге тиісті кәсіби құзыреттіліктерді оқуға арналған оқу материалын таңдауда икемділік пен еркіндіктің қажетті дәрежесін қамтамасыз етеді. Атап өтсек, «Дәнекерлеу ісі», «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша  физика, математика, сызу т.б. профильді пәндерімен байланысқан. «Нан пісіру, макарон өнімдері және кондитерлік өнімдер» мамандығы бойынша  химия және биология сияқты  пәндермен байланысты.

Барлық мамандықтар бойынша білім беру үдерісі қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Колледждегі тіл саясаты ҚР Конституциясына және 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Тілдер туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Оқыту тиімділігінің тең деңгейін қамтамасыз ету үшін басшылық оқу тіліне қарамастан білім алушылардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, өйткені әрбір жеке алынған педагог ақпаратты өзі еркін білетін және білім алушы білетін тілде баяндайды.Оқытушының оқу құжаттамасы (ОӘК) оқыту тіліне сәйкес тілде жүргізіледі.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін келесі құжаттарды қамтиды:

- оқу үдерісінің кестесі;
- оқу, факультативтік сабақтар кестесі;
- білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар.

Пәндер циклі бойынша уақыт көлемі техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген мамандықтар нормативтеріне сәйкес келеді. Оқу жоспарларының негізгі бөлігі: оқу процесінің кестесі, оқу уақытының көлемі, оқу пәндерінің тізімі және оларды оқыту тәртібі, оқу жүктемесінің құрылымы, түрлері және олардың сәйкестігі, аралық бақылаудың түрлері мен саны, оқытудың нормативтік мерзімдері, мемлекеттік қорытынды аттестаттау мерзімі үлгілік білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді. Ал Жұмыс оқу бағдарламасы мамандық Паспорты, Оқу жетістіктері (РО) мен Бағалау критерийлерін (КО) құрайды.

Типтік оқу жоспарларына сәйкес колледж оқытушылары Жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлейді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды (КТЖ) Жұмыс оқу бағдарламалары негізінде оқытушылар жасайды, ӘБ отырысында қаралады, колледж әдіскерімен келісіледі және директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді. Типтік оқу жоспарында көзделген қосымша пәндерді жұмыс берушімен келісе отырып колледж анықтайды.

Пәндер бойынша бақылаудың мынадай түрлері қарастырылған: сынақтар мен бақылау жұмыстары аталған пәнді оқуға бөлінген уақыт нормасымен жүргізіледі, ал емтихандар оқу жоспары бойынша уақытқа сәйкес өткізіледі.

Аудиториядан тыс барлық жұмыс түрлерін қоса алғанда, студенттің жалпы жүктемесі аптасына 54 сағатты құрайды. Аудиториялық сабақтардың көлемі аптасына 36 сағаттан аспайды. Білім алушылар үшін мамандықтар бойынша оқытылатын пәндер келесідей:

- оқу жоспарына сәйкес арнайы пәндерді игеру көбінесе 2 курстан оқытылады;
- оқу процесінде алынған құзыреттілікті бекіту үшін өндірістік оқыту және кәсіптік практика қарастырылған;

- оқу процесінде алынған білімді бекіту және практикалық дағдыларды жетілдіру үшін және үздік тәжірибені игеру үшін оқу, технологиялық және диплом алдындағы практика өткізіледі;

- оқуды аяқтағаннан кейін негізгі пәндер бойынша қорытынды кешенді емтихан немесе дипломдық жұмысты қорғау, кәсіби дайындық деңгейін бағалау түрінде қорытынды мемлекеттік аттестаттау өткізіледі, оның нәтижелері бойынша біліктілік беріледі және мемлекеттік үлгідегі техникалық және кәсіптік білім туралы диплом беріледі.

Колледж оқыту мен оқыту тәсілдерінің, сондай-ақ студентке орталықтанған оқытуға ықпал ететін білім беру оқытудың күтілетін нәтижелері арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етеді. Оқытудың интерактивті әдістерін енгізу-студенттердің дайындығын жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі, сондықтан колледж бұл мәселеге ерекше көңіл бөледі. Ақпараттық технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктері, олардың фундаменталды және жеке-бағдарлы дайындық жағдайында кәсіби қалыптасу кезеңінде студенттердің оқу қызметін басқаруды оңтайландыру құралы ретінде зерттеледі және анықталады.

Колледж оқытушылары қолданатын қазіргі заманғы білім беру технологиялары оқуға деген көзқарасты, студентті бағалауда тиімді қолдануға мүмкіндік береді, өз бетінше білім алуға және қолдануға бағытталған, дамытушы және белсенді сипатқа ие.

Біздің кәсіпке оқытудағы басты міндетіміз - жұмысшы мамандарының кәсіби дамуын қамтамасыз ететін сапалы білім беру қызметін ұйымдастыру, ИПҚ-дің біліктіліктерін жетілдіру арқылы білімі мен кәсіби біліктіліктің әртүрлі деңгейіндегі студенттерді болашақ табысты кәсіптік қызметке бағдарлау, олардың білімі мен кәсіби дағдыларының жоғары деңгейін қалыптастыру үшін білім беруді педагогикалық технологияландыру .

Жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін колледж оқытушылары:

- құзыреттілікке негізделген модульдік оқыту;
- кредиттік –модульдік оқыту;
- ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологиялары;
- проблемалық дамыта оқыту технологиялары:
- дуалдық оқыту жүйесі;
- деңгейлеп –саралап оқыту технолгияларымен жұмыс жасайды.

Оқыту технологиялары студенттердің кәсіби іс-әрекетінде өзара іс-қимылын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді, ақпаратты меңгертудің нәтижелі тәсілдерін қалыптастырады. Басқа көзқарасты тыңдай білу, ынтымақтасу, серіктестік қарым-қатынас жасай білу, сонымен бірге студенттерде толеранттық қасиеттер дамиды. Аралас сабақ, мастер-класстар, ғылыми-практикалық конференциялар, іскерлік ойындар сияқты интерактивті оқытудың әдіс-тәсілдері күнделікті оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Жоғарыда аталған педагогикалық технологияларды қолдану нәтижесінде студенттерде кәсіби қызмет түріне байланысты жалпы және кәсіби құзыреттіліктер қалыптасады.

Кредиттік –модульдік оқыту технологиясына көшу жағдайында Жұмыс оқу бағдарламалары барлық мамандықтар бойынша Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына негізделе отырып, ҚР БжҒМ-нің 2021 жылдың 23 шілдесінде мақұлданған 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығының 5 қосымшасындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес дайындалды. Сондай-ақ оқу бағдарламасында ҚР БжҒМ-нің «Talap» КЕАҚ-ның 2017 жылдың 31 қазанындағы №553 бұйрығының колледжде оқытылатын мамандықтарға сәйкес қосымшалары негізінде базалық, кәсіби және білім беру ұйымының таңдау компонентімен (кәсіби стандарттар) World Skills стандарттарын ескере отырып, өңірлік даму жоспарына , жұмыс берушілердің

талаптарына сәйкес колледждің әрбір мамандық бойынша директор жанындағы кеңесінде ұсынылып, «Индустриалды кеңес» (Бұйрық№95-Ө 01.09.2021 жыл) құрамымен оқу модульдері қарастырылды. Бағалау критериийлері ҚР БжҒМ-нің «Talap» КЕАҚ-ның 2021 жылғы «Жас маман» жобасы шеңберінде шетелдік серіктесі Soprano Group әзірлеген Әдістемелік нұсқаулығындағы Бағалау критерийлеріне сәйкес балдық жүйеде бағалау қарастырылған.

Жұмыс оқу бағдарламасының оқу-әдістемелік кешендері Жұмыс оқу бағдарламасында қарастырылатын тақырыптарға арналған дәрістер жинағынан, нұсқаулық карталары (дидактикалық материалдар-арнайы қабырға стендттері, муляждар, құрал-саймандар, Техникалық қауіпсіздік Ережелерімен танысу туралы журналдары) мен күнделікті сабақ жоспарларының электронды (қағаз) нұсқасынан құралады. Оқу модулінің арнайы оқу кабинеттері мен шеберханалары,зертханалары ақпараттық-коммуникативтік құралдармен толықтай жабдықталған, нақтырақ айтсақ, барлық арнайы пәндер кабинеттері мен зертханалар интернет желсіне қосылған интерактивті тақталармен, шеберханалар компьютерлермен жабдықталған. Барлық техникалық және технологиялық оқу жабдықтары пән оқытушылары мен білім алушылар үшін оқыту технологияларын тиімді қолдануға бағытталған және қолжетімді .

Өндірістік оқыту сабақтары білім беру мекемесінің Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес оқу зертханалары мен өндіріс орындарында жүргізіледі. Қашықтықтан оқыту (дистанционное обучение) жағдайында оқу үрдісінің жүргізілуіне өзгерістер қарастырылуы мүмкін.

Базалық құзыреттер: кәсіби қызмет саласындағы көптілді қарым-қатынасты, қазақ тілде қызметтік құжаттарды жүргізуді, салауатты өмір салтын қолдауды және дене қасиеттерін жетілдіруді, қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтенуді және бейімделуді, нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуді, оның ішінде қаржылық сауаттылықты және кәсіпкерлік қызметті, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытуды, цифрлық сауаттылықты және ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды, жасыл технологияларды және қоршаған ортаны қорғауды және т.б. қамтиды.

Базалық модульдерге әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық пәндер кіріктіріледі. Келесі базалық модульдер оқытылады:

1) кәсіби қызмет саласында кәсіби лексиканы қолдану. Бұл модульде: қазақ тілінде оқитын топтар үшін – кәсіби орыс тілі, кәсіби ағылшын тілі, қазақ тілде іс қағаздарын жүргізу; орыс тілінде оқитын топтар үшін – кәсіби қазақ тілі, кәсіби ағылшын тілі, қазақ тілде іс қағаздарын жүргізу кіріктіріледі;

2) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру бойынша «Дене тәрбиесі» және жоғары курс білім алушылары үшін «Кәсіби қызметтегі дене шынықтыру» пәндері жүргізіледі.

3) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану бойынша барлық мамандықтар үшін МЖМБС сәйкес оқу пәндері қарастырылған.

4) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану мақсатында – «Экономика негіздері» , «Нарықтық экономика негіздері», «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» пәндері оқытылады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде колледж қазіргі еңбек нарығында неғұрлым жоғары сұранысқа ие мамандықтарда оқитын білім алушылардың әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін дамытуға үлкен көңіл бөледі. Білім бағдарламаларының сапалы дайындалуы мен нарық талаптарына сәйкестігі бітірушілердің жұмысқа орналасу пайызымен, сондай-ақ жұмыс берушілердің оң пікірлерімен расталады.

Оқу нәтижесі ҚР Білім және ғылым министірінің 19.03.2008 жылғы «Техника және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық,

аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу ережесі» туралы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ №360 29.08.2013 ж. және №272 14.06.2018 ж. бұйрығымен өзгеріс енгізілген) ережеге сәйкес арнайы оқу модульдерінен ағымдық, аралық (сынақ) және қорытынды аттестаттаулар ұйымдастырылады және кетеге сәйкес өтеді.

Соңғы жылдары білім сапасына аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру формалары да толықтай компьютерлік технологиялардың көмегімен «жедел» және «әділ» бағалауға ыңғайластырылған. 2023-2024 оқу жылының соңында қорытынды біліктілік беру емтихандары кәсіптік тәжірибе бөлімінде «Дәнекерлеу ісі» мамандығының білім алушылары «Пісіру технологиялары» құзыреттілік орталығында меңгерген кәсіби құзыреттіліктерін іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік беретін демонстрациялық емтихан түрінде өткізілді. «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығының бітіруші топ білімгерлері аталған мамандықтың зертханасында нан өнімдерін дайындау жұмыстарын орындап, емтихан комиссиясы құрамындағы жұмыс берушілердің алдында демоемтихан пилотттық жоба түрінде өз өнімдерін қорғады және бағаланды.

Оқу орны жоғарыда атап өткеніміздей, оқыту технологиялары мен оқыту әдістерін инженер-педагогтердің озық тәжірибесі мен жетістіктерін байланыстырып зерделейді. Осы мақсатта «Қазақстан Республикасы колледждер Ассоциациясы», жұмысшы мамандықтарын даярлайтын өңірлік және облыстық ТЖКБ беру мекемелерімен, атап өтсек, соңғы 3 жылда Шымкент жол-көлік колледжімен ынтымақтастық шарттары мен меморандумдарына қол қойылып, жұмыс жоспары жасалды. Колледждер арасында өзара тәжірибе алмасу жұмыстары жоғары деңгейде орныққан. Бірлесіп атқарылған жұмыстардың арқасында колледж оқытушыларымен қатар білім алушылардың жетістіктері де бар.

Өндірістік тәжірибенің негізгі мақсаты студенттердің алған теориялық білімдерін тәжірибеде сынауға, әрі нығайтуға, сонымен қатар оқу орындарының өндіріспен байланысын жақсарту. Осы мақсатта колледж оқу жылының басында кәсіпорындармен – «Имсталькон» ЖШС, «СМП-306» ЖШС, «Тараз қант зауыты» ЖШС, «Новые технологии Тараз» ЖШС, «Тараз механикалық зауты» ЖШС, «Алана и Д» ЖШС, «КШСП» ЖШС кәсіпорындарымен әлеуметтік серіктестік меморандумдар жасалды. Аталған құжат негізінде студенттер кәсіпорын базасында тәжірибеден өтеді. Кәсіптік тәжірибенің маңызы, студенттің теориялық білімін шыңдап, тәжірибе барысында бекіту болып табылады.

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу мақсатында инженер-педагог қызметкерлердің перспективалық жоспарға сәйкес уақтылы біліктілігін арттыру және өндірістік оқыту шеберлерімен қатар арнайы пәндер оқытушыларын да тағылымдамадан өткізу жүйесі жолға қойылып, өндірістік кәсіпорындардағы техникалар мен технологиялардың заманауи мүмкіндіктеріне оңтайландырылыған оқу-материалдық базасын жаңартуға назар аударылды.

Колледждің оқу базасында соңғы 5 жылда «Арнайы пәндерді оқытудың заманауи әдістемесі», «Бастапқы әскери даярлық пәнін оқытудағы жаңа өзгерістер», «Колледж кітапханасының жұмысын тиімді ұйымдастыру» және «Қазақстандағы білім беруді цифрландыру», «Пісіру технологиялары» құзыреттілік орталығында өндірістік оқытуды сапалы ұйымдастырудағы жаңа мүмкіндіктер» тақырыптары бойынша облыстық семинарлар ұйымдастырылды.

2024 жылдың 20 қаңтарында колледж базасында «Пісіру технологиялары» құзыреттілік орталығында өндірістік оқытуды сапалы ұйымдастырудағы жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Семинарда арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері академиялық еркіндікті пайдалана отырып, жұмыс берушілердің талаптарын есепке алу арқылы жұмыс берушілер қамтылған «Индустриалдық кеңес» отырысында зерделенген Оқу-жұмыс бағдарламасымен таныстырды.

Оқу үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану нәтижесінде колледж студенттері WorldSkills стандарттары тұрғысында кәсіби дамуын көрсетті.

2023 жылдың 22-27 қараша аралығында Астана қаласында «WORLDSKILKS KAZAKHSTAN-2023» VIII Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Наубайхана ісі» құзіреттілігі бойынша колледж түлегі Сәкен Ақбота Сәкенқызы және «Дәнекерлеу құзыреттілігі» бойынша колледж түлегі Лесбаев Елнұр Тұрсынханұлы «ҮЗДІК МАМАН» номинациясы бойынша медальон иеленді. Жетекшілері: Айдар Ортанович, Сара Мырзахметовна.

WorldSkills Jambyl-2024» өңірлік кәсіби чемпионатында:

- ✓ «Кондитер ісі» құзыреттілігі бойынша Ишкараева Гозаль
  I орынды иеленді. жетекшісі: Кулшат Нохановна.
- ✓ «Наубайшы ісі» құзыреттілігі бойынша Ақылбекқызы Диана
  I орынды иеленді. Жетекшісі: Сара Мырзахметовна.
- ✓ «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттілігі бойынша Оралбек Жансултан II орынды иеленді. Жетекшісі: Акимжан Кудайбергенович.
- ✓ «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Малышев Дмитрий II орынды иеленді. Жетекшісі: Шукри Шарипович.
- ✓ «Веб технология» құзыреттілігі бойынша Донильченко Станислав III орынды иеленді. Жетекшісі: Евгений Валерьевич.
- ✓ «Кузов жөндеу» құзыреттілігі бойынша Шаншархан Ерасыл
  III орынды иеленді. Жетекшісі: Арман Жұмабайұлы.

«Өндірістік оқытудың үздік шебері - 2024» кәсіби шеберлік байқауында өндірістік оқыту шебері С.Нышанбаева II орын иеленді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы «Үздік кәсіби бағдар беруші-2024» облыстық бейнероликтер байқауында С.Есеев «Бас жүлде» иеленді.

2024 жылдың 13-18 қараша аралығында Астана қаласында «WORLDSKILKS KAZAKHSTAN 2024» IX Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Наубайхана ісі» құзіреттілігі бойынша колледж студенті Таубай Анел «Шеберлігі үшін» медальонын иеленді.

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 «Білім беру ұйымдарында экспериментальды режимде іске асырылатын оқу бағдарламаларын әзірлеу, тестілеу және іске асыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы, Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім негізінде 1201000 «Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» модульдік білім беру бағдарламасының нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында оқу жылынан бастап пилоттық режимде енгізілді.

Ол келесі біліктерді беруді қарастырды:

- ✓ Жұмысшы маман: 1201072 - Автокөлікті жөндеу слесарі;
- ✓ Жұмысшы маман: 1114042 - Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик;

Бұл эксперименттік жұмыс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялауға мүмкіндік берді. Жұмыс оқу жоспары, жоғарыда көрсетілген, жұмысшы және орта буын мамандықтарды беруді ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленді. Жалпы білім беру пәндерінің тізбесі негізгі орта білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкес айқындалды. Базалық модульдерді қалыптастыру кезінде мамандық бейіні

ескеріледі. Модульдер дәйекті, интеграцияланған және пәнаралық сипатқа ие. Екінші біліктілікті меңгеру үшін алдыңғы біліктіліктердің кәсіби модульдерін игеру міндетті. Бұл ретте кәсіптік модульдер өңірлік ерекшеліктер мен жұмыс берушілердің мамандарға қойылатын талаптарын ескере отырып,бітіруші білім алушылардың кәсіптік даярлығын қамтамасыз етеді

Білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялауда модульдік оқыту бағдарламасы 2019-2020 оқу жылында 1114000 «Дәнекерлеу ісі», 1219000 «Нан, макарон және кондитерлік өндірісі» және 1402000 «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану», 2020-2021 оқу жылында 1304000 «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандықтарына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 93 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 1219000 «Нан, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығының 1219132 «Наубайшы-шебер» біліктілігі бойынша дуалдық оқытудың білім беру элементтері енгізілді. 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының 1201123 – «Техник-механик» біліктілігі бойынша білім берудің дуалдық оқыту жүйесі енгізілді.

**2) мыналардың:**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 31 қазанындағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының;**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының;**

**техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС (үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары болмаған жағдайда бір мамандық шеңберінде ұқсас біліктіліктер бойынша) негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларының болуы**

Қабылданған мамандықтар бойынша оқу үрдісіндегі оқу жұмыс жоспары мен оқу бағдарламалары «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығы(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 шілдеде № 11690 тіркелген, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығы) және «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 23 қазандағы №502 Бұйрығына сәйкес әзірленді. (№ 1 кесте)

1 кесте

| № р\с | Маман коды | Мамандықтың атауы | Біліктілік коды | Біліктіліктің атауы | Оқу мерзімі | Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 1201072<br><br>1114042 | Автокөлікті жөндеу слесарі<br>Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик | 2 жыл 10 ай | ҚР БжҒМ-нің 2016 жылғы 22 қантар № 72 бұйрығы 287 -қосымшасы негізінде үлгілік оқу жоспары |

Қабылданған мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспары мен бағдарламалары «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазан № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді (№ 2 кесте)

| № 2 кесте | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **№ р\с** | **Маман коды** | **Мамандықтың атауы** | **Біліктілік коды** | **Біліктіліктің атауы** | **Оқу мерзімі** | **Үлгілік оқу Жоспарлары мен бағдарламалары** |
| 1. | 1304000 | Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша | 1304012<br>1304082 | Сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы<br>Сандық және электронды құрылғыларды,компьютерлік желілердің жөндеуші | 2 жыл 10 ай | ҚР БжҒМ-нің 2017 жылғы 31 қазан № 553 бұйрығының 316 - қосымшасы негізінде үлгілік оқу бағдарламасы |
| 2. | 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 1114042<br>1114012 | Электр газымен дәнекерлеуші<br>Пісіруші (барлық атауларымен) | 2 жыл 10 ай | ҚР БжҒМ-нің 2017 жылғы 31 қазан № 553 бұйрығының 220 - қосымшасы негізінде үлгілік оқу бағдарламасы |
| 3. | 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 1219132<br>1219092 | Наубайшы – Шебер<br>Кондитер | 2 жыл 10 ай | ҚР БжҒМ-нің 2017 жылғы 31 қазан № 553 бұйрығының 280 - қосымшасы негізінде үлгілік оқу бағдарламасы |
"Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл стратегиясын" жүзеге асыру мақсатында "Нығмет нұры" қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ш.Сүйімқұл колледж жастарымен кездесу өткізді. Іс-шара тақырыбы: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру" және "Адалдық сағаты". Қоғамдық бірлестік төрайымы Ш.Сүйімқұл студенттермен еркін форматта диалог алаңын жоғары деңгейде ұйымдастырып, жастардың сауалдарына жауап берді.

Құқықтық тәрбиені насихаттау мақсатында колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Есенов, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі полиция инспекторы Ж.Айтбозымов білім алушылармен кездесу өткізді. Кездесу барысында кәмелеткe толмаған жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, ҚР Қылмыстық және Әкімшілік Кодексі түсіндірілді. Студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Есенов және кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекторы, полиция лейтенанты Ж. Аманқұлов білім алушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ж.Аманқұлов Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі туралы кеңінен түсіндіріп, жастардың сауалдарына жауап берді.

Тәрбие тұжырымдамасына сәйкес , қазақстандық патриотизм, азаматтық және құқықтық тәрбие бағыты аясында Қант зауыты аумағының "Даңқ аллеясында" полиция инспекторы Ж. Аманқұлов, колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Есенов және колледждің инженер-педагог құрамы бекітілген кезекшілік кестесіне сәйкес күнделікті «түнгі рейд» жұмыстарын жүргізуде. Мақсаты - кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Колледждің белсенді жастарынан құралған студенттік парламент Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 33 жылдығына арналған іс-шара ұйымдастырды. Аталған іс-шарада колледж директоры Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсіндіріп, Тәуелсіздікті әрбір азамат көздің қарашығындай сақтау керектігін айтты.

Құқықтық тәрбиені насихаттау мақсатында "Заң және қоғам" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Тараз қаласы №2 ПБ кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі бөлім бастығы, полиция майоры Е.Юрина және колледж инспекторы, полиция аға лейтенанты Ж. Аманқұлов қатысты. Құқық қорғау өкілдері барлық азаматтарды заңды сақтауға, қоғамның тыныштығын қалыптастыруға шақырды.

Жастар арасындағы құқық бұзушылық - күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Осы орайда білім алушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары Б.Есенов және кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекторы, полиция лейтенанты Ж. Аманқұлов білім алушылармен кездесу өткізді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық және Қылмыстық Кодекстері түсіндірілді.

Қазақстандық патриотизмді насихаттау мақсатында "Жас сарбаз" әскери-патриоттық клубының мүшелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Ж.Белгибаев барлық сабақта аталған клуб бойынша дәріс оқып, жастардың бойына патриотизмді дарытып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

**2-бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие.** Мақсаты: адамның рухани, моральдік-этикалық қағидаттарын, адамгершілік құндылықтарын және әдет-ғұрыпқа сәйкес келетін көзқарастарын жандандыру.

"Елдіктің жеті тұғыры" атты Қазақстан Республикасынның Тәуелсіздігінің 32 жылдығына арналған мерекелік іс-шараның көрінісі. Ұйымдастырушы әлеуметтік педагог Г. Умбеталиева

1-наурыз "Алғыс айту" күніне орай "Мың алғыс - Отаным" тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды. Іс-шара мақсаты - бейбіт еліміздегі этностардың қазақ халқына, Отанға, қоршаған ортаға алғысын білдіру және ұлтаралық татулықты насихаттау болып табылады. Бейнеролик көрсетіліп, тарихтың қатпарлы беттеріне саяхат жасалды. Іс-шараға жауапты топ: ТЭДМ-221, кураторы М.Мантеева

**3-бағыты: Ұлттық тәрбие.**Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар өтеді.

Ұлтаралық достық және ынтымақ - еліміздің баға жетпес байлығы. Осынау құндылықтарды насихаттау мақсатында "Этносаралық татулық" тақырыбында "Елу жылда - ел жаңа" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ш.Сүйімқұл, "Жамбыл облысы Азаматтық Альянсі" заңды тұлғалар бірлестігінің заңгері, Жамбыл облысы өзбек диаспорасының жетекшісі А.Зайнутдинов, Жамбыл облысы күрд диаспорасы ақсақалдар кеңесінің төрағасы А.Сулейманов колледж студенттерімен кездесу өткізді. Келген қонақтар жастарға құнды мағлұматтар беріп, сұрақтарға жауап берді.

**4-бағыты: Отбасы тәрбиесі.** Бала тәрбиесінде ата-ананың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында студенттерге отбасындағы ата-ананың, ата-әженің, бауырларының рөлі, арадағы сыйластық, құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастырылды.

**5-бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру,экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында іс-шаралар, кездесулер, көрмелер өткізілді.

Нан – тоқтық, нан- байлық. Қазақтың дархан да берекелі дастарханындағы әрбір түйір нан қаншама адамның ерен еңбегі, маңдай тері, аялы алақаны арқылы ғана алдымызға келетінін еш уақытта ұмытпауымыз керек. Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 33 жылдығы шеңберінде мерекелік іс-шараларды өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар тізбесінен орын алған 16 қазан -Нан күні мерекесіне арналған іс-шара өтті. Қазақ халқы нанды әр уақытта үстелдегі ең құрметті орынға орналастырған, ол әрқашан өмірдің символы болған. Осы орайда 16 қазан - Нан күніне ұйымдастырылған "Нан - береке бастауы" атты іс-шарада арнайы көрме қойылып, білім алушыларға нан өнімдері үлестірілді.

**6-бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**. Тұлғаның өзін-өзі көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалауын дамыту мақсатында жоспарға сай іс-шаралар өткізілуде.

**7-бағыты: Зияткерлік, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін

уәждемелік кеңістік құру мақсатында колледж студенттері арасында «Студенттік парламент» ұйымы құрылды.

Жастардың бойында зияткерлік және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында АТ-123 тобының кураторы С.Таубаев "Жалынды жастар" тақырыбында зияткерлік ойын өткізді. Іс-шара барысында білім алушыларға түрлі жағдаяттық сұрақтар қойылып, жастардың полиглоттық қасиеттері де сыналды. Зияткерлік ойынға қатысқан барлық қатысушылар алғыс хатттармен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.

Студенттік парламент – білім алушылардың өзін-өзі басқаруына, өздерінің шығармашылықтарын дамытуға, колледждің стратегиялық даму жоспарының орындалуындағы өзіндік үлес қосуларына, үйірмелердің, клубтардың жұмыстарын жандануына, дебат, олимпиадаларға белсенді қатысуларына, колледж басшысымен өз ойларымен бөлісулеріне керемет мүмкіндік береді.

**8-бағыты: Дене тәрбиесі, салуатты өмір салты**.Тұлғаның бойында салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында түрлі дене шынықтыру үйірмелері, байқаулары, іс-шаралары өткізілді.

Тәрбие тұжырымдамасының "Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі" 8-бағыты шеңберінде Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжінде "Бала - басты байлығымыз" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Аталған шарада Тараз қаласы №7 емхана психологы Ә.Кутербаева жалпы жасөспірімдердің мінез-құлқы, зиянды әдеттері туралы ақпарат беріп, сауалдарға жауап берді. Колледж педагог-психологы Э.Нұржігітқызы ата-аналардан сауалнама алып, толық мәлімет беріп өтті.

**Психологиялық қызмет**

Колледж педагог-психологы ҚР-сы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру мекемелеріне психолог мамандығын енгізу туралы» нұсқау хатына және ҚР-ның «Білім туралы» Заңына сүйеніп, ҚР Үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сәйкес жұмыс атқарады.

**Педагог-психологтың қызметінің жұмысының мақсаты:**

Білім алушылардың әлеуметтік-психо-педагогикалық ерекшеліктерін тексеріп, олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен мәселелеріне, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету. Сондай-ақ, оқытушылар мен ата-аналармен және қамқоршыларымен жұмыс жасау.

**Міндеті:**

1. Бала тұлғасын, оның эмоциялық күйін, оқу мотивациясының деңгейін, әлеуметтік жетілуін, қарым-қатынас құрылымы мен қызметін, жүйкелік-психикалық ауытқуларын, жеке қасиеттері мен қызметтерінің қалыптасуын психологиялық-педагогикалық тұрғыда жан-жақты анықтау.
2. Баланың тұлғасының дамып, қалыптасуына дұрыс ықпал ету, әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалдарын анықтау арқылы уақытында қолдау жасау.
3. Психологиялық жарақаттаушы жағдайларды шешуде, қоршаған ортамен жағымды қатынас қалыптастыруда, әлеуметтік мәртебені арттыруда, қалыпты мінез-құлық мәселесіне қатысты көзқарасын жетілдіруге көмек көрсету.
4. Жоғары эмоциялар және әлеуметтік қажеттіліктерді (танымдық, этикалық, еңбек, эстетикалық) тәрбиелеу, өзін-өзі реттей білу тәсілдерін жетілдіру, интеллектуалды, эмоциялық және ерік сферасының жеке психикалық функцияларының дамуы мен жетілуін ынталандыру.
5. Балалар ұжымында қабылдау, адамгершілік, мейірімділік, өзара түсінушілік, психологиялық қауіпсіздік,сенімділік, қарым-қатынас және дүниені танып білуге қуаныштылық ауа-райын ұйымдастыру, т.б.

**Педагог-психологтың негізгі 5 бағыты:**

1. **Психодиагностика**

   **Мақсаты:** Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға-аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

2. **Психопрофилактика**

   **Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.
3. **Психокоррекция**

   **Мақсаты:** Адамның психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысын білікті дамыту.
4. **Психологиялық ағарту**

   **Мақсаты:**жеке тұлғаның психология туралы түсінігін қалыптастыру және дамыту.
5. **Психологиялық кеңес беру**

   **Мақсаты:** Барлық қатысушыларға педагогикалық үдерістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

**Жұмыс бөліктері:**

1. Білім алушылармен жұмыс.
2. Оқытушылармен жұмыс.
3. Ата-аналармен жұмыс.
4. Әкімшілікпен жұмыс.

**Жүргізу әдісі:**

Әңгімелесу, сауалнама, зерттеу, тексеру, бақылау, кеңес беру, тренинг.

**Нәтижесі:**

Жалпы мәдениет барысында өмірге икемді, алдағы атқаратын істерін толық сезе білетін, өміріне көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Әрбір адамға мақсаты айқын мәдени-өнімділік тұлға болуға әсер ету.

Әрбір адамның өз мінез-құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу.

Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету.

Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

Қорыта келе, барлығымыздың ісіміз бір мақсатқа бағытталған жеке тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін психологиялық ахуалымыз жоғары деңгейде болу керек.

**Жатақхананың тәрбие жұмысы**

Колледж жатақханасының тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығын басшылыққа алып, тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижесі құрылып, бағыттар бойынша іс-шаралар жоспары жасалынды.

Білім алушылардың адамгершілік рухани қасиеттерін дамыту, патриоттық сезімдерін ояту, сана сезімін жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бір – біріне деген қарым – қатынастарын құрметтеп достықты қастерлеу және жеке талаптары мен қабілеттерін дамыту мақсатында жатақханаға бейімдеу, көпшілік ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық мүлікті сақтау, электр жарықтарын тиімді пайдалану, тамақтану, демалу режимдерінің сақталуы жұмыстары жүргізіледі.

**15) біліктілік талаптарын сақтау (біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17, 19, 20-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, сонымен қатар жалпы білім беру ұйымы, оның ішінде мамандықтар бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі).**

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 10-қосымша талдау (Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер)**

Кадрлық менеджмент колледждің даму жоспарының негізгі басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады: Қазақстанның индустриалды-технологиялық, экономикалық дамуы кәсіби жетілген мамандарды дайындау сапасын қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті, ақпараттық технологияларды меңгерген, жан-жақты дамыған тұлғалар. Бос орындар бойынша жұмысқа

қабылдау және лауазымдық міндеттерді бөлу жаңадан қабылданатын қызметкерлердің техникалық және кәсіптік білім беруді жүзеге асырудағы кәсіби біліктілігі мен мүмкіндіктерінің сипаттамаларына сәйкес іске асырылады. Колледждің штаттық лауазымдық орындарға қажеттілігі оқу жоспарындағы оқу жүктемесі сағаттарының жалпы санымен анықталады. Оқу жылының басында оқу жүктемесін есептеу нақтыланып, оқытушылардың әртүрлі санаттарына қарай штаттық кесте айқындалады. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқытушылар тобы педагогикалық және кәсіби тәжірибесі мол озық тәжірибелі оқытушылар және қазіргі заманауи технологиялармен жұмыс жасай алатын жас оқытушылар болып бөлінеді.

Кадрлық құрам ҚР-ның заңнамаларына сәйкес жинақталған. Инженер-педагог қызметкерлердің құзыреттілігіне қойылатын талаптар " Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы "лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері жұмысқа ресімдеу кезінде таныстырылады.

Жеке іс-қағаздары қызметкердің жұмысқа қабылдау туралы өтініші, базалық білімі туралы дипломының көшірмелері, алған ғылыми дәрежесі мен атақ беру туралы куәліктері , кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақшалары, еңбек шарттары, сертификаттардың көшірмелері, бұйрықтардан үзінді көшірмелер және т. б. қамтиды. Еңбек кітапшаларына жұмысқа қабылдау туралы және басқа лауазымдарға кадрлық ауысымдар болған жағдайда уақтылы жазбалар түсіріледі.

Оқытушылар құрамы колледжде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тиімді іске асырылуына қажетті оқу жүктемесінің жалпы көлеміне қарай қалыптастырылады. колледжінде барлығы 47 инженер-педагог қызметкер жұмыс атқарады

**ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**

| Педагог қызметкерлер | **Барлығы** | **Білімі бойынша** | | | | | **Санаты бойынша** | | | | | **Ғылыми дәрежелері** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жоғары** | *Оның ішінде инженер педагогтар* | **Арнаулы орта** | *Оның ішінде инженер педагогтар* | **Орта** | **педагог-модератор** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог – зерттеуші** | **Педагог шебер** | *Санаты жоқ* | **Ғылым докторы** | **Ғылым кандидаты** | **Магистратура** |
| Жалпы және арнайы пән мұғалімдері | **31** | 29 | 9 | 2 | | | 10 | 6 | 4 | | 11 | | | 3 |
| Оқу өндірістік шеберлері | **16** | 12 | 12 | 4 | 4 | | 2 | 6 | | | 8 | | | |
| **Барлығы:** | **47** | 41 | 21 | 6 | 4 | 0 | 12 | 12 | 4 | 0 | 19 | 0 | 0 | 3 |
| % | | **87%** | 45% | 13% | 9% | 0 | 26% | 26% | 9% | 0 | 40% | 0 | 0 | 6 % |

Әкімшілік-басқару құрамының барлық мүшелерінің арнайы базалық педагогикалық және кәсіптік білімдері бар. Әкімшілік-басқару қызметкерлері колледждің : педагогикалық кадрларды іріктеу және орналастыру, жүктемені анықтау, инженерлік-педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау, педагогикалық ұжымның қызметін ұйымдастыру, қызмет бағыттары бойынша бақылау жүргізеді.

Педагогикалық жүктемені бөлу базалық білімі мен біліктілігін, педагогикалық жұмыс өтілін ескере отырып жасалған еңбек шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқытушылардың оқу жүктемесі білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесіне, студенттер контингентіне, сабақ түрлері мен формаларына сәйкес анықталады. Жүктемені бөлудің біркелкілігі сабақ кестесімен

расталады. Жүктеменің жоспары мен нақты орындалуы сағаттарды есептеу парағында тіркеледі. Талдау оқытушылардың оқу жүктемесі көлемінің тұрақтылық үрдісін көрсетеді.

Колледжде оқыту қызметін атқаратын инженер-педагогтердің шығармашылық дамуына қолайлы жағдайлар жасалған. Нәтижесінде, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарына арналған 2023 жылғы «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауның аймақтық кезеңінің «Экологиялық сауаттылық» атылымында арнайы пән оқытушысы Рамазанова Сабира Сарсеновна І орын, «Экологиялық сауаттылық» атылымында арнайы пән оқытушысы Жаманқұл Азат Миятұлы ІІІ орын иеленді. «Өндірістік оқытудың үздік шебері - 2024» кәсіби шеберлік байқауында өндірістік оқыту шебері С.Нышанбаева ІІ орын иеленді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы «Үздік кәсіби бағдар беруші-2024» облыстық бейнероликтер байқауында С.Есеев «Бас жүлде» иеленді. IV Республикалық кәсіби шеберлік конкурсына сервис және қызмет көрсету саласының "Наубайшы ісі" құзыреттілігі бойынша Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжінің өндірістік оқу шебері С.М.Нышанбаева ІІІ орын иеленді.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11-қосымша талдау:** Лицензия 1900059 нөмірлі 08.01.2019 жылы берілген жалпы ауданы 36,10 м2 медициналық кабинет, 15,30 м2 изолятор кабинет і8м$^2$ және егу бөлмесі 12,60 м$^2$ құрайтын бөлмесі бар. Медициналық пункт жатахананың оқу ғимаратында орналасқан. Балаларға және есектерге алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету үшін құрал жабдықтармен, дәрі дәрмектермен қамтамасыз етілген. Бірінші және жедел жәрдем көрсетуге препараттарымен толық қамтамасыз етілген. Мейірбике Абишева Адаскул Романкуловнаның санаты жоғары, 2020 жылы берілген.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12-қосымша талдау:** оқу ғимаратынан орналасқан жалпы ауданы 161,4 м$^2$ құрайтын асханасы бар. Асхананың санитарлық – гигиеналық жағдайы талапқа сай. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Жамбыл облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің 2020 жылдың 10 тамызында №2586 санитарлық қорытындысы берілген.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 13-қосымша талдау:** Колледж Жамбыл облысы ,Тараз қаласы, Өтеген батыр көшесі №8 және №49 мекен жайында орналасқан. 2 оқу ғимараты- ыңғайластырылған,1 оқу ғимараты типтік үлгіде, жалпы 3 оқу ғимараты бар. Колледждің жалпы алаңы – 3833,0 м$^2$.

Колледжде оқытылатын барлық мамандықтар бойынша қажетті оқу материалдық – техникалық базамен қамтамасыз етілген. Оқу кабинеттері – жалпы білім беру дәрісханалары - 15, кәсіптік және арнайы пәндер дәрісханасы -7, зертхана –7, компьютерлік сынып -3, спорт ашық алаңы – 1, тренажер залы – 1, мәжіліс залы – 1, шеберхана -3, жатақхана – 1(32 орын), Оқу полигоны – 1, компьютерлер – 105 дана .

Әлеуметтік-тұрмыстық (Санитариялық тораптардың болуы) унитаздар-21, қол жуғыштар-49 дана.

Колледждің үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылау - 27 дана (ішкі – 11 дана, сыртқы – 16 дана).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған: Өткізу пункттері – 1, Пандус – 1, кіру жолдары – бар, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары – 2 дана, баспалдақты пандустармен және тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтары контрасты боялған және тактильді жолдармен қамтамасыз етілген.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 14-қосымша талдау**: Колледж Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Өтеген батыр көшесі №49;8 мекен жайында орналасқан ыңғайластырылған екі оқу ғимараты, типтік бір оқу ғимараты бар, жалпы алаңы - 3833,0 м$^2$ бар.

**Жалпы білім беру дәрісханалары:**

- ✓ Ағылшын тілі- 2 (35,40 м$^2$ - 36,40м$^2$)
- ✓ Математика және физика- 2 (37,00 м$^2$; 51,40 м$^2$);

- ✓ Қазақ тілі және қазақ әдебиеті –2 (36,40 $м^{2;}$);
- ✓ Орыс тілі және әдебиеті – 1 (50,70 $м^2$);
- ✓ Тарих-география – 1 (36,40 $м^2$);
- ✓ Химия – 1 (52,10 $м^2$);
- ✓ Информатика кабинеті-1 (68,90 $м^2$)
- ✓ Сызу кабинеті-1 (36,50 $м^2$)
- ✓ БӘД оқу кабинеті -1 (37,00 $м^2$)
- ✓ Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану – 1 (40,5$м^2$);

**Базалық модульдер дәрісханасы:**

- ✓ Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру: Спорт ашық алаңы – 1(596,8$м^2$) ;
- ✓ Тренажер залы- 1 (52,30 $м^2$)
- ✓ Гимнастика залы –1 (104,30 $м^2$)
- ✓ Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтану және бейімделу — 1 (69,40 $м^2$);
- ✓ Мәжіліс залы– 1 (88,00$м^2$) ;
- ➢ Компьютерлік сыныптар, компьютерлер, жабдықтар, жиһаз, жеке пайдалануға арналған шкафтар, бейне камералар:
- ➢ Комьпютерлік сыныптар -3;
- ➢ комьпютерлер – 105 дана;
- ➢ Моноблок – 10 дана
- ➢ Ноутбук – 29 дана;
- ➢ интерактивті тақталар – 14 дана;
- ➢ интерактивті панель-3дана
- ➢ принтерлер-26
- ➢ оқушы партасы орындығымен –241х482 дана;
- ➢ шкафтар –60 дана;
- ➢ бейнекамералар – 27 дана (ішкі – 11 дана, сыртқы – 16 дана);
- ➢ Кітапхана - 1
- ➢ Оқу залы-1

Контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі, Zhitc.edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы беріліп тіркелген.

**Кәсіптік модульдер дәрісханалары, оқу-өндірістік шеберханалар мен зертханалар :**

**1. «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша:**

«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» зертханасы -51,50 $м^2$

«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» зертханасы -40-90$м^2$

«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» арнайы пәндер оқу кабинеті -51,40 $м^2$

**2. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша:**

**«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану» мамандығы**ның зертханасы-119,10 $м^2$

**«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану» мамандығы**ның арнайы пәндер кабинеті - 2 (69,00 $м^2$ -63,80 $м^2$ )

**3.«Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша:**

Дәнекерлеу ісі зертханасы -69,00 $м^2$

«Дәнекерлеу ісі» арнайы пәндер кабинеті- 51,10 $м^2$

**4.»Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша:**

«Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының оқу зертханасы -54,90 $м^2$

«Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының арнайы пәндер кабинеті-51,10 $м^2$

**5. «Электр жабдықтары» мамандығы бойынша:**

**«Электр жабдықтары» мамандығының зертханасы** -38,60 $м^2$;

**«Электр жабдықтары» мамандығының** арнайы пәндер кабинеті- 69,10 $м^2$

Оқу полигоны – 1
Электр жабдықтарының ақаусыз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету трансформаторы– 1 (60,2 м$^2$).

**6.«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығы бойынша:**

**«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығының** зертханасы-54,10 м$^2$

**«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығының а**рнайы пәндер кабинеті-52,50 м$^2$

Оқу полигоны – 1(1,0413га)

**Оқу-өндірістік шеберханалары:**

Дәнекерлеу шеберханасы -80,90 м$^2$
«Пісіру технологиялары» құзыреттілік орталығы-136,60 м$^2$
Слесарлық жұмыстар шеберханасы- 93,30 м$^2$

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 17 - қосымша талдау (кітапхана қорындағы оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы)**

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнындағы жалпы білім беру пәндері оқулықтарымен және жалпы жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер оқулықтары, әдістемелік нұсқаулықтар, арнайы және кәсіптік пәндер оқулықтарымен толық қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда білім алушылардың сапалы кәсіби білім алуы үшін кітапханада кітап қоры жыл сайын жаңа оқулықтармен толықтырылып, оқу залында пайдаланушылар үшін интернет желісіне қосылған 4 дербес компьютер жұмыс істейді.

Кітапхананың оқу залында жұмыс кестесіне сәйкес студенттердің функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында тақырыптық іс-шаралар, әдеби кездесулер, оқырмандар конференциясы және дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Колледж кітапханасы өз жұмысында келесі құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге сүйеніп отырады:

1. ҚР" Білім туралы " Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III 2. "Білім беру қызметін лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысы. ҚР БҒМ 18.07.2003 ж. №508 "ҚР Мемлекеттік білім беру ұйымының кітапхана қорын қалыптастыру туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығы. ҚР БҒМ 17.08.2000 ж. №827 "білім беру жүйесінің кітапханалары үшін кітапханалық іс бойынша құжаттарды бекіту туралы" бұйрығы. "Білім беру ұйымдарының кітапхана оқырмандарына кітапханалық қызмет көрсетуді есепке алу туралы" ҚР БҒМ 17.08.2000 ж. № 827 Бұйрығы. "Білім беру ұйымдары кітапханаларының кітап қорларын сақтау туралы" ҚР БҒМ 17.08.2000 ж. №827 бұйрығына әдістемелік құрал. ҚР БҒМ 17.08.2000 ж. №827 "білім беру ұйымдары кітапханаларының қорларынан басылымдар мен өзге де материалдарды алып тастау туралы" бұйрығына әдістемелік құрал. "Білім беру ұйымдары кітапханаларының оқырмандарына кітапханалық қызмет көрсетуді есепке алу туралы" ҚР БҒМ Бұйрығына типтік ереже»

Кітапхана қоры қазіргі таңда, 28862 дананы құрайды. Оның ішінде жалпы білім беру пәндері оқулықтары-10894 дана, арнайы және кәсіптік пәндер оқулықтары-12514, оқу-әдістемелік нұсқаулықтар-4221 дана, электронды оқулықтар-543, көркем әдебиеттер-690 дана.
Мамандықтар бойынша әдебиеттер:

1. «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы -3250

2. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану» мамандығы -1494

3.«Дәнекерлеу ісі» мамандығы-2345

4. «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы -2869

5. «Электр жабдықтары» мамандығы бойынша-2291

6.«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығы бойынша-265.

Барлық мамандықтар бойынша колледждің 2022 жылдың ақпанындағы № 1 шығыс хатына сәйкес арнайы пәндер оқулықтарына пән оқытушылары мен студенттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін облыстық орталықтандырылған техникалық кітапханамен келісім шарт жасалған.

**(Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 19-қосымша талдау (Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжінің кітапхана қорындағы «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы цифрлық тасымалдағыштарды оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы)**

Кітапхана қорында барлығы 826 дана электронды оқулық бар.Оның ішінде 283 электронды оқулық «Талап KZ» сайтынан жүктеп алынған.Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес жалпы білім беру пәндері бойынша цифрлық тасымалдағыштар-156 дана, қоғамдық- гуманитарлық ғылымдар әдебиеті-50 дана, жаратылыстану ғылымының әдебиеттері-50 дана.

**Мамандықтар бойынша электронды оқулықтар:**

1.Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану-14

2. Дәнекерлеу ісі-54

3.Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану-59

4.Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі-15

5.Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)-61

6.Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)-84

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 20 - қосымша талдау (Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер)**

«Электр жабдықтары» мамандығының арнайы пәндер оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты, «TALAP» КЕАҚ-ның штаттан тыс тренері З.Баймахpraованың ғылыми жарияланымдары мен «Электр тізбектерінің электр жабдықтарын монтаждау, пайдалану, жөндеу және баптау» оқулығы , осы жылы орыс тілінде оқитын топтар үшін «Монтаж, эксплуатация, ремонт и наладка электрооборудования электрических цепей» тақырыбындағы оқу құралы жарық көріп, ТжКБ беру ұйымдарына таратылды.

**ІІІ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

**1) МЖМБС белгіленген білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;**

«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысында белгіленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасына сәйкес оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі анықталды:

**Негізгі орта білім базасында:**

2 жыл 10 ай мерзідегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 4320 сағат, жалпы саны -4960 сағатты;

3 жыл 10 ай мерзідегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 5760 сағат, жалпы саны -6588сағаттықұрады.

**2021-2022 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) және ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі басшылыққа алынды:

**Негізгіорта білім базасында:**

2 жыл 10 ай мерзідегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 180 кредит/4320 сағат, жалпы саны -206 кредит/4944 сағатты;

**2) МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесін сақтау:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасының талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесіне қойылатын талаптар сақталған - міндетті апталық оқыту сағаты 36 сағатты құрайды. Оқу жүктемесінің ең көп көлемі аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмысының барлық түрлерімен қоса, аптасына 54 сағаттан аспайды.

**2021-2022** оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасының (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында апталық міндетті оқу жүктемесі аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

**3) ТжКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығын сақтау;**

«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына және Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы№ 384 бұйрығының үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жұмыс жоспарларында 40 аптадан тұратын міндетті оқу ұзақтығы екі семестрге бөлінген, бірінші сетестр 19 аптадан және екінші семестр 21 аптадан тұратын оқу ұзақтығын құрайды,сонымен қатар қысқы демалыс 2 апта,жазғы демалыс 9 апта және 1 апта мереке күндерінежоспарланды.Барлығы: 52 апта.

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 5-қосымшасы жоспарына сәйкес оқу жұмыс жоспарларында 40 аптадан тұратын міндетті оқу ұзақтығы екі семестрге бөлінген, бірінші сетестр 19 аптадан және екінші семестр 21 аптадан тұратын оқу ұзақтығын құрайды,сонымен қатар қысқы демалыс 2 апта,жазғы демалыс 9 апта және 1 апта мереке күндеріне жоспарланды.

**4) МЖМБС талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемін сақтау.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемі:

Жалпы орта білім алумен негізгі орта білім негізінде жалпы білім беру пәндерін /модульдерді оқуға жұмыс оқу жоспарында бөлінген оқу уақытының көлемі 1448 сағат.

Жалпы білім беретін пәндер жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер жиынтығы бойынша бейіндік оқытуды есепке ала отырып және олардың көлемі анықталып оқу жұмыс жоспарына енгізілді. Дене тәрбиесі пәні бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына 4 сағаттан артық емес (мамандыққа байланысты) жоспарланады, олардың екі сағаты екінші курстан бастап спорт секцияларында сабақ өткізуге бөлінуі мүмкін. «Дене

тәрбиесі» курсы аяқталғаннан кейін қосымша бюджеттік уақыт бөлінбестен емтихан тапсырылды.

Алғашқы әскери даярлық пәніне 100 сағат бөлінді, оның ішінде 36 сағат оқытуды аяқтау кезеңіндегі оқу-дала (лагерьлік) жиындарын өткізу кезеңіне беріледі. Қыздармен өткізілетін алғашқы әскери даярлық бойынша сабақтар жекелеген сабақтарды (тактикалық, от және шептік даярлық) қоспағанда, ұл балалармен бірге жүргізіледі. Сабақтарды бөлек өткізу кезінде қыздармен сабақ өткізу медициналық білім негіздері бойынша тақырыптарға сәйкес жүргізілді.

Кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтаған кезде циклдар мен пәндер үшін оқу уақыты көлемін 25% дейін өзгертуге, практиканың әрбір түрінің ұзақтығы маманның біліктілігіне байланысты маманның біліктілік сипаттамасына қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілді.

Кәсіптік практиканың мерзімі және мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалып, кәсіптік практика міндетті оқытудың жалпы оқу уақыты көлемінің кемінде 40%-ын құрайды.

Бақылау жұмыстары пәнді зерделеуге бөлінген оқу уақыты есебінен жүргізілді. Семестрдегі курстық жобалардың саны, бір оқу жылы бойындағы емтихандық сессияның жалпы ұзақтығы 4 аптадан, емтихандық сессияның бір аптада тапсырылатын емтихандардың саны екеуден аспайды. Бақылау жұмыстары мен сынақтар осы пәнді оқытуға бөлінген оқу уақытының есебінен жүргізіледі, емтихандар – аралық,қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімдерде өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес оқу уақытының көлемі:

Жалпы орта білім алумен негізгі орта білім негізінде жалпы білім беру пәндерін /модульдерді оқуға жұмыс оқу жоспарында бөлінген оқу уақытының көлемі 1448 сағат.

Жалпы білім беретін пәндер жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер жиынтығы бойынша бейіндік оқытуды есепке ала отырып және олардың көлемі анықталды. Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша бейіндік оқытуды есепке ала отырып "Қазақ тілі" және "орыс тілі" пәндері (94-186 с.). Қазақ тілінде оқытатын топтарда оқу уақытының жалпы көлемінің 60% орыс тілін үйренуге және 40% қазақ тілін үйренуге бөлінеді.

"Қазақ әдебиеті" және "орыс әдебиеті" пәндері (136-182 с.). Қазақ тілінде оқитын топтарда жалпы сағат көлемінің 60% қазақ әдебиетін оқытуға және 40% орыс әдебиетін оқытуға жоспарланды. Тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасына сәйкес ағылшын тілі -182сағат бөлінді;

- ✓ "Қазақстан тарихы" пәніне – 92 сағат;
- ✓ "Дүниежүзілік тарих" пәніне – 49 сағат;
- ✓ "Адам. Қоғам. Құқық" пәніне – 46 сағат;
- ✓ "Математика" пәніне – 228 сағат;
- ✓ "Информатика" пәніне – 46 сағат;
- ✓ "Физика" пәніне – 117 сағат;
- ✓ "Химия" пәніне – 111 сағат;
- ✓ "Биология" пәніне – 46 сағат;
- ✓ "География" пәніне – 46 сағат;
- ✓ "Дене шынықтыру" пәніне – 156 сағат;

(Дене шынықтыру сабақтары міндетті болып табылады және аптасына 4 сағаттан артық емес (мамандығына байланысты) жоспарланды.

"Бастапқы әскери және даярлық" пәніне 100 сағаттан аспайтын уақыт беріледі, оның ішінде 36 сағат оқу-далалық (лагерьлік) жиындарды өткізуге берілді. Қыздар емдеу мекемелерінде 36 оқу сағаты көлемінде медициналық-санитарлық даярлықтан өтті. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" курсы "алғашқы әскери және дайындық"оқу курсы аясында жүзеге асырылды.

Модульдерді оқуға бөлінетін оқу уақытының көлемі біліктілік күрделілігі мен оқу мерзімін ескере отырып бөлінген.

Практикалық дайындық (зертханалық-практикалық сабақтар; өндірістік оқыту және кәсіптік практика; курстық және дипломдық жобалау) міндетті оқытудың Оқу уақытының жалпы көлемінің кемінде 40% құрады.

Бақылау жұмыстары мен сынақтары осы модульді оқуға бөлінген оқу уақытының есебінен, емтихандар – дене шынықтыру емтиханын қоспағанда, аралық аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізілді.

Қорытынды аттестаттауды өткізуге арналған оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайды. Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 5-13-4/2937-И хаты негізінде жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес оқу уақытының көлемі:

Колледждің білім беру жүйесінде жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде айқындалады.Үлгілік оқу жоспарында 14 пәнді оқыту қарастырылған: 10 пән оқу үшін міндетті болып табылады. Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың 4 бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған, тиісінше оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің 2 пәні бойынша. Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге:

- ✓ «Қазақ тілі» пәніне – 60 сағат;
- ✓ «Қазақ әдебиеті» пәніне– 60 сағат;
- ✓ «Орыс тілі және әдебиеті» пәніне– 120 сағат;
- ✓ «Шетел тілі» пәніне– 120 сағат;
- ✓ «Математика» пәніне– 180 сағат;
- ✓ «Информатика» пәніне– 90 сағат;
- ✓ «Қазақстан тарихы пәніне– 90 сағат;
- ✓ «Өзін –өзі тану» пәніне– 60 сағат;
- ✓ «Дене тәрбиесі» пәніне– 158 сағат;
- ✓ «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне– 90 сағат;

Оқытылатын мамандықтар Жаратылыстану – математикалық бағыты болғандықтан бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндерге «Физика»,»Химия», «Биология», «География» (тереңдетілген деңгей үшін 2 пәнге 150 сағаттан; стандарттық деңгей үшін 2 пәнге 60 сағаттан) қарастырылған.

Жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларын меңгеру сағаттарының жалпы көлемі 1448 сағатты құрайды. Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды.

Міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, циклдер үшін оқу материалдарын меңгеруге бөлінген оқу уақытының 50%-ына дейін, әр пән және (немесе) модуль бойынша 50% дейін және кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың 60% дейін (дуальды оқыту кезінде 80% дейін) өзгертелді;

Базалық модульдер пәндер бойынша 308 сағаттан аспайтын оқу уақыты көлемінен орта буын маманын даярлау кезінде іске асырылды.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуге арналған оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайды.

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспары негізінде әзірленген оқу уақытының көлемі:

Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

**Міндетті жалпы білім беретін пәндерге бөлінген сағаттар:**

- ✓ "Қазақ тілі" – 3 кредит/72 сағат;
- ✓ "Қазақ әдебиеті" – 3 кредит/72 сағат;
- ✓ "Орыс тілі және әдебиеті" – 4 кредит/ 96 сағат;
- ✓ "Шетел тілі" – 4 кредит/96 сағат;
- ✓ "Математика" – 8 кредит/192 сағат;
- ✓ "Информатика" – 2 кредит/72 сағат;
- ✓ "Қазақстан тарихы" – 4 кредит/96 сағат;
- ✓ "Өзін-өзі тану" – 2 кредит/48 сағат;
- ✓ "Дене тәрбиесі" – 5 кредит/120 сағат;
- ✓ "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" –4 кредит/ 96 сағат.

Колледжде оқытылатын мамандықтар жаратылыстану–математикалық бағыты болғандықтан бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндерге «Физика»,»Химия», «Биология», «География». Тереңдетілген деңгей үшін 2 пәнге 6 кредит/144 сағаттан; стандарттық деңгей үшін 2 пәнге 3 кредит/72 сағатта қарастырылған.

Білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін негізгі орта білім базасында:
2 жыл 10 ай оқу мерзімінде жалпы білім беру пәндеріне –60 кредит/1440 сағат және базалық және кәсіби модульдерге интеграцияланған жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуге, зертханалық-практикалық сабақтарды орындауға,өндірістік оқытудан және кәсіби практикадан, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуге 120 кредит/2880 сағат бөлініп,барлығы 180 кредит/4320 сағатты;

## IV. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

**«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша оқу кабинетіндегі автокөлік қозғалтқыштарын қоректендіру жүйелері, іштен жану қозғалтқышы мен электр қозғалтқыштарын қолдану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс стендтерінде және шеберханада жөндеу жұмыстарын орындау дағдылары мен машықтары игеріледі. Қозғалтқыштың тағайындалуы, автомобиль қозғалтқыштарының сыныптамасы туралы жалпы білімді меңгеру. Қозғалтқыштардың түрлері және қызметтері туралы жаңа білімді меңгеру. Піспектің жүрісі, өлі нүктелер, цилиндрдің жұмыс көлемі ұғымдарын түсіну. Қозғалтқыш механизмдерімен визуалды танысу. Заманауи автокөлік электржабдығының жүйесін және оған қызмет көрсету, жөндеу, диагностикалау технологияларын меңгеру. Автокөліктердің ақауын анықтап, жөндеуге бойынша диагностикалауға қажетті құрал-жабдықтармен жұмыс жасай алу. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай білу. Автокөліктерді техникалық күту мен жөндеуде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарды пайдалана білу. Автокөлік электр жабдықтарының жөндеу технологиясымен танысу. Автокөлікті қауіпсіз басқара білу, жолда жүру ережелерін білу. Автокөліктерді техникалық күту мен жөндеуде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарды жүргізе білу. Автокөліктерге қызмет көрсету, жөндеу кәсіпорындарындағы еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастыра білу.

**«Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі қара, түсті металдар мен қорытпалардан жасалған әртүрлі дәнекерлеу конструкциялары үшін металл түрлерін таңдай білуге, термиялық өңдеу үшін металды іріктеу, металл бұйымдарын коррозиядан қорғау түрлерін анықтауды, металл емес және электр оқшаулағыш материалдарды қолдану саласын, электр өткізгіш материалдарды таңдауды орындау үшін қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.
Термиялық өңдеудің түрлері мен мақсаты, түсті металдар мен қорытпалардың қасиеттері, құрылымы және қасиеттерін білу. Болат пен қатты қорытпалардың қасиеттері мен мақсаты, химиялық және электрохимиялық коррозия процестерінің ерекшеліктерін біледі. Металл емес, электр оқшаулағыш және электр өткізгіш материалдардың қасиеттері, құрылымымен танысады.

Конструкциялар мен бұйымдарды дайындау үшін оларды пайдалану шарттарына байланысты Конструкциялық материалдарды таңдай білу.

Термиялық өңдеу түрлерін таңдай білу. Материалдарды пайдалану мақсаты мен шарттарына байланысты бұйымдарды дайындау үшін түсті металдар мен қорытпаларды таңдай білу. Бөлшектерді таңбалау арқылы механикалық өңдеуге арналған құралдарды таңдау кезінде аспаптық болаттар мен қатты қорытпаларды анықтай білу және олар технологиялық өңдеуге дайындау. Металл емес материалдардың түрлерін ажырата білу. Электр оқшалау және электрөткізгіштік материалдарды тағайындауды ажырата білу.

Бұйымның дизайн ерекшеліктері, дәнекерленген дайындамалардың материалдық параметрлерін, дәнекерлеу процесін кәсіби түрде жүзеге асыру нәтижесінде сапалы қосылыстар дайындау, қосылыс орнын тиісті тәртіппен алдын ала дайындау және біріктірілген қоспаны кейіннен өңдеумен ретке келтіру, сондай-ақ қосылысқа мұқият тексеру жүргізе біледі.

**«Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша жол-құрылыс машиналарына слесарлық жұмыстарды орындайды, жұмыстарды орындау жүйесін сызбаларда орындай біледі, бөлшектердің негізгі өлшемдерін есептеуге, заманауи құралдармен өлшеуге мүмкіндік беретін құрылғылардың түрлерімен таныс болады, олармен жұмыс жасай алады.

Жол - құрылыс машиналарының тораптары мен механизмдерін реттеуді техникалық қызмет көрсету , ағымдағы жөндеу үшін қажетті дағдылар мен білімді меңгереді.

Техникаларды тазалау, жуу, тексеру, олардың жұмысын бақылау, реттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгереді.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жер қазатын машиналарға қызмет көрсету қажеттілігін анықтауға үйренеді.

Басқару органдарымен танысады, жол машиналарын қауіпсіз басқару тәсілдерін меңгереді.

Жол машиналарын басқару кезінде жол қауіпсіздігі ережелері негіздерін және қозғалыс қауіпсіздігінің негіздерін қолдануды үйренеді. Жерге орналастыру саласындағы жұмыспен танысады.

Олар әртүрлі жұмыс жағдайларында жер қазатын машинамен жұмыс істеуді үйренеді. Олар топырақ пен жер құрылыстарының негізгі кластары мен сипаттамаларын, шұңқырлар мен үйінділерді, қорлар мен кавальерлерді, жолдар мен темір жолдарды салу кезінде банкеттерді салу кезінде топырақ өңдеуді зерттейді.

Қызмет көрсетілетін машинаның құрылысы бойынша құрылыс-жол машиналарын жұмысқа дайындау кезіндегі жұмыстардың тізбесі мен реттілігін меңгереді, оқу полигонында құрылыс-монтаждау жұмыстары алдындағы машиналар мен механизмдердің техникалық жай-күйін бақылау тәсілдері мен тәсілдерін, қауіпсіздік техникасы бойынша бастапқы нұсқаманың мазмұнын меңгереді.Жер қазу, көму және жүк көтеру жұмыстарын орындайды.

**«Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі нан пісіру, макарон және кондитер өнімдерінің өндірісінің технологиялық процесстеріне технохимиялық бақылау жүргізу, өндірістегі гигиеналық және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнім ассортименттеріне байланысты рецептуралық қоспаларды құрастыру, нан пісіру, макарон және кондитерлік өндіріс кезінде қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету, ашытқы мен олардың микробиологиялық процестерінің белсенділігін қамтамасыз ету бойынша білімді толықтай меңгереді.

Нан ассортименттерін дайындау бойынша шикізаттарды дайындауды, қамыр илеуді, ашытуды, қайта қайыруды, қамырды бөлшектерге бөлуді, алғашқы жетілдіруді, пішіндеуді, ақырғы жетілдіруді, пісіруді, суытуды, қаптамалау мен сақтауды игереді. . Зертханалық жабдықтарды жұмысқа дайындауда химиялық аспаптар мен реактивтерді пайдалануды, жарақаттану жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсетуді, талдауға сынама-шикізат сапасын органолептикалық әдіспен анықтауды, шикізаттың, шалаөнімнің, дайын өнімнің сапасына зертханалық талдаулар жүргізуді, ұн сұрыпына байланысты шалаөнімдерді ажыратуды, дайын қамырдың құрылымы мен бетін анықтауды, зертханалық және технологиялық жабдықтарды пайдалануды, талдама нәтижелерін өңдеуді, шикізат, шалаөнім және дайын өнімдердің сапасын бағалауды, шикізатты өндіріске дайындауды, технологиялық жабдықтардың жұмысын реттеуді, нан, макарон және кондитер өндірісі бойынша негізгі қол және механикаландырылған технологиялық операцияларды орындауды, шығарылатын өнімге нормативті құжат талаптарын қолдануды, шикізат, шалаөнім және дайын өнімдердің сапасын куәландыратын құжаттарды ресімдеуді, нан-тоқаш өнімдерін өндіру бойынша технологиялық процестерді жүргізу, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері, талдау нәтижелері мен органолептикалық әдістер бойынша қызмет көрсететін телімдердің барлық кезеңдерінде өнімнің сапасы, ассортименті, саны бойынша тапсырмаларды орындау, дайын өнімнің жоспарлы шығуының сақталуына бақылау жасау, технологиялық режим нормаларынан ауытқу себептерінің алдын алу және жою, жабдықтың жұмысындағы бұзылуларды жою, қажетті шикізат пен дайын өнімнің калькуляциясын есептей білу.

**«Өндірістегі электрлік – механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының қағидаларын (ПТБ), тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын (ПТЭ), электр қондырғыларын орнату қағидаларын (ПУЭ) сақтай отырып ішкі және сыртқы электр тораптарын (кабелдер, оқшаулағыштар, щиттер т.б) және жарық беру қондырғыларын (электр шамның түрлері) монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу бойынша теориялық және практикалық білімді меңгереді.

Тұрақты тоқ және айнымалы тоқ машиналарының жұмыс істеу принципін, өлшеу құралдарын ерекшеліктерін үйренеді.

Асинхронды және синхронды машиналардың құрылғысы, олардың жұмыс режимін және әрекет ету қағидатын, асихронды қозғалтқыштың айналу жиілігін іске қосу тәсілдерін және реттеуді түсініп, сызбаны бөлшектеуді, реверс, реверс емес тәсілдерімен іске қосуды және асинхронды қозғалтқыштың айналу жиілігін реттеуді жүзеге асырады. Қозғалтқышттарды іске қосу тәсілдерін айыруды, әртүрлі түрдегі синхронды генераторлардың құрылғысын, әрекет қағидаттарын, артықшылық және кемшіліктерін талдай біледі.

Трансформаторлардың мақсатын, сыныптамасын, қолдану саласын, конструкциясын және әрекет қағидаттарын түсінеді. Трансформаторлардың сызбасын, жұмысын номиналды режимде, бос жүру режимінде және қысқа тұйықталу режимінде зерттеуді жүзеге асырады. Трансформатордың параметрлерін есептеуді, трансформаторлардың қосынды тобын түсіндіруді, трансформаторларды қосарлас жұмысқа қосу жағдайын түсіндіру, автотрансформаторлар конструкцияларының. қолдану саласының және әрекет қағидаттарының ерекшеліктерін түсіндіреді.

Теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, маман жұмыс орнында еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережелерін, орындалатын жұмыстардың сапасына, жұмыс орнындағы еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды меңгереді.

**«Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі есептеуіш техникаларында компьютерлік құрылғыларды пайдалану және компьютерлердің жұмысын бақылау, ақпаратты қабылдау, есептеуіш техниканы басқаруға,

қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды дамыту бағдарламаларын пайдалана алуға, деректер базасымен жұмыс істеуге , ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға , оларды жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқытады. Кез-келген ақпаратты өңдеу арқылы тасымалдаушылардан компьютерлік құрылғыларға енгізу, вирусқа қарсы бағдарламаларды орната білу, вирусқа қарсы бағдарламалар базасын жаңартуды орындау және жергілікті желілерде жұмыс істеуге оқытады.

Жергілікті желі мен Интернет желісінің жұмыс істеу принциптерін білу, кеңсе техникасының түрлерін және олардың жұмыс істеу принциптерін білу, компьютерде ақпаратты өңдеудің технологиялық процесін меңгере отырып, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға үйренеді.

Операциялық жүйелерді орнату прқылы баптау және қызмет көрсету, бғдарламалық жасақтаманы орнату және жаңарту, қолданбалы бағдарламалық жасақтамада жұмыс істей білуге үйренеді . Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану жөніндегі нормативтк құжаттарды жүргізуді , бағдарламалық жасақтама түрлері, олардың мақсаттары және жұмыс принциптерін біледі.

Интерфейстерді және қолданбалы бағдарламалық жасақтаманың жұмысын біледі, жабдықты аппараттық және бағдарламалық құралдармен тексеру арқылы ақаулықтың сипатын анықтай алады. Компьютерлік құрал жабдығын ластанудан және шаңнан тазартуды жүргізу жұмыстарын орындай алады. Компьютер жабдықтарының ақауларын диагностикалау кезінде ақпаратты өңдеу кезінде ақаулардың себептерін анықтайды.

Есептік және техникалық құжаттаманы жүргізуде диагностика жасай біледі, компьютерлер мен жеке дербес компоненттердің техникалық сипаттамаларын меңгереді.
Ақаулы компонентті ақаусыз компонентке ауыстыру әдісімен жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

**07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша Бензинді, дизельді, және гибридті қозғалтқыштардың қоректендіру жүйелері, іштен жану қозғалтқышы мен электр қозғалтқыштарын қолдану және оларға техникалық қызмет көрсету мағлұматтырын игеру. Қозғалтқыштың тағайындалуы, автомобиль қозғалтқыштарының сыныптамасы туралы жаңа білімді меңгеру. Қозғалтқыштардың түрлері және қызметтері туралы жаңа білімді меңгеру. Піспектің жүрісі, өлі нүктелер, цилиндрдің жұмыс көлемі ұғымдарын түсіну. Қозғалтқыш механизмдерімен визуалды танысу. Заманауи автокөлік электржабдығының жүйесін және оған қызмет көрсету, жөндеу, диагностикалау технологияларын меңгеру. Жөндеуге және диагностикаға қажетті құрал-жабдықтармен танысу.Автокөлікті қауіпсіз басқара білу, жолда жүру ережелерін білу.Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай білу. Автокөліктерді техникалық күту мен жөндеуде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарды пайдалана білу. Автокөлік электр жабдықтарының жөндеу технологиясымен танысу.Автокөлікке техникалық қызмет көрсету түрлерін және мерзімін, диагностикалау ұғымын және параметрлерін, арнайы диагностика аспаптары туралы мағұлматтарды түсіну.
Автокөлікті қауіпсіз басқара білу, жолда жүру ережелерін білу.
Автокөліктерді техникалық күту мен жөндеуде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарды пайдалана білу.

Автомобильдің жинаушылық бірліктерін жөндеулік қалпына келтірудің технологиялық процестері, жөндеу объектісінің материалына әсер ету әдістері, автомобиль жүйелерін диагностикалау тәсілдерін қарастыру. Авто жөндеу кәсіпорындардағы еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік сұрақтары бейнеленген.

**07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі қара, түсті металдар мен қорытпалардан жасалған әртүрлі дәнекерлеу конструкциялары үшін металды таңдауды, термиялық өңдеу үшін металды таңдауды, металл бұйымдарын коррозиядан қорғау түрлерін анықтауды, металл емес және электр оқшаулағыш материалдарды қолдану саласын, электр өткізгіш материалдарды таңдауды орындау үшін қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Термиялық өңдеудің түрлері мен мақсаты, түсті металдар мен қорытпалардың қасиеттері, құрылымы және қасиеттерін білу. Болат пен қатты қорытпалардың қасиеттері мен мақсаты, химиялық және электрохимиялық коррозия процестерінің ерекшеліктерін біледі. Металл емес, электр оқшаулағыш және электр өткізгіш материалдардың қасиеттері, құрылымымен танысады.

Конструкциялар мен бұйымдарды дайындау үшін оларды пайдалану шарттарына байланысты Конструкциялық материалдарды таңдай білу.

Термиялық өңдеу түрлерін таңдай білу. Материалдарды пайдалану мақсаты мен шарттарына байланысты бұйымдарды дайындау үшін түсті металдар мен қорытпаларды таңдай білу.Бөлшектерді таңбалау арқылы механикалық өңдеуге арналған құралдарды таңдау кезінде аспаптық болаттар мен қатты қорытпаларды анықтай білу және олар қандай технологиялық өңдеуге арналғанын білу. Білу таңдау әдістерін қорғау бұйымдар коррозиядан байланысты оның түрі. Мақсаты бойынша металл емес материалдардың түрлерін ажырата білу. Электр оқшаулау және электр өткізгіш материалдардың мақсатын ажырата білу. Материалдарды тағайындау және пайдалану жағдайына қарай бұйымдар дайындау үшін түсті металдар мен қорытпалар таңдай білу. Бұйымның коррозиядан қорғалуын оның түріне қарай қорғау әдістерін іріктеу және анықтау. Металл емес материалдың түрлерін тағайындалуы бойынша айыра білу. Электр оқшалау және электрөткізгіштік материалдарды тағайындауды ажырата білу.

Бұйымның дизайн ерекшеліктері, дәнекерленген дайындамалардың материалдық параметрлерін , дәнекерлеу процесін кәсіби түрде жүзеге асыру нәтижесінде сапалы қосылыстар дайындау, қосылыс орнын тиісті тәртіппен алдын ала дайындау және біріктірілген қоспаны кейіннен өңдеумен ретке келтіру, сондай-ақ қосылысқа мұқият тексеру жүргізе біледі. Оқу жұмыс бағдарламасында қарастырылған World Skills стандарттарын меңгереді және шеберханаларда пісіру дәнекерлеу жұмыстарын орындай алады.

**07161300 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша слесарлық жұмыстарды орындау тәсілдері мен әдістерін игереді, оларды сызбаларда дұрыс белгілеуге ,бөлшектердің негізгі өлшемдерін есептеуге, заманауи құралдармен өлшеуге мүмкіндік беретін жұмысты орындайды.

Жол - құрылыс машиналарының тораптары мен механизмдерін реттеуді техникалық қызмет көрсету ,ағымдағы жөндеу үшін қажетті дағдылар мен білімді меңгереді.

Техникаларды тазалау, жуу, тексеру, олардың жұмысын бақылау, реттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгереді.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жер қазатын машиналарға қызмет көрсету қажеттілігін анықтауға үйренеді.

Басқару органдарымен танысады, жол машиналарын қауіпсіз басқару тәсілдерін меңгереді.

Жол қауіпсіздігі ережесі негіздерін және жол машиналарын басқару кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің негіздерін қолдануды үйренеді.

Жерге орналастыру саласындағы жұмыспен танысады.

Олар әртүрлі жұмыс жағдайларында жер қазатын машинамен жұмыс істеуді үйренеді. Олар топырақ пен жер құрылыстарының негізгі кластары мен сипаттамаларын, шұңқырлар мен үйінділерді, қорлар мен кавальерлерді, жолдар мен темір жолдарды салу кезінде банкеттерді салу кезінде топырақ өңдеуді зерттейді.

Қызмет көрсетілетін машинаның құрылысы бойынша құрылыс-жол машиналарын жұмысқа дайындау кезіндегі жұмыстардың тізбесі мен реттілігін меңгереді, құрылыс-монтаждау жұмыстары алдындағы машиналар мен механизмдердің техникалық жай-күйін бақылау тәсілдері мен тәсілдерін, қауіпсіздік техникасы бойынша бастапқы нұсқаманың мазмұнын меңгереді.

**07210300 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» » мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі нан ассортименттерін дайындау технологиясы, май қоспа сдобалы өнімдерді дайындау, макарон өнімдерін өңдеу технологиясы, ұнды кондитер және қантты кондитер өнімдерін дайындау, әртүрлі кондитер өнімдерді безендіру және декорлау, нан пісіру, макарон және кондитер өнімдерінің өндірісінің технологиялық процесстеріне технохимиялық бақылау жүргізу, өндірістегі гигиеналық және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнім ассортименттеріне байланысты рецептуралық қоспаларды құрастыру, нан пісіру, макарон және кондитерлік өндіріс кезінде қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету, ашытқы мен олардың микробиологиялық процестерінің белсенділігін қамтамасыз ету бойынша білімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Нан ассортименттерін дайындау бойынша шикізаттарды өндіріске дайындауды, қамыр илеуді, ашытуды, қайта қайыруды, қамырды бөлшектерге бөлуді, алғашқы жетілдіруді, пішіндеуді, ақырғы жетілдіруді, пісіруді, суытуды, қаптамалау мен сақтауды игереді. . Зертханалық жабдықтарды жұмысқа дайындауда химиялық аспаптар мен реактивтерді пайдалануды, жарақаттану жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсетуді,сусымалы материалдардың сынамаларын іріктеуді, талдауға сынама-шикізат сапасын органолептикалық әдіспен анықтауды, шикізаттың, шалаөнімнің, дайын өнімнің сапасына зертханалық талдаулар жүргізуді, ұн сұрыпына байланысты шалаөнімдерді ажыратуды, дайын қамырдың құрылымы мен бетін анықтауды, зертханалық және технологиялық жабдықтарды пайдалануды, талдама нәтижелерін өңдеуді, шикізат, шалаөнім және дайын өнімдердің сапасын бағалауды, шикізатты өндіріске дайындауды, технологиялық жабдықтардың жұмысын реттеуді, нан, макарон және кондитер өндірісі бойынша негізгі қол және механикаландырылған технологиялық операцияларды орындауды, шығарылатын өнімге нормативті құжат талаптарын қолдануды, шикізат, шалаөнім және дайын өнімдердің сапасын куәландыратын құжаттарды ресімдеуді, нан-тоқаш өнімдерін өндіру бойынша технологиялық процестерді жүргізу, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері, талдау нәтижелері мен органолептикалық әдістер бойынша қызмет көрсететін телімдердің барлық кезеңдерінде өнімнің сапасы, ассортименті, саны бойынша тапсырмаларды орындау, дайын өнімнің жоспарлы шығуының сақталуына бақылау жасау, технологиялық режим нормаларынан ауытқу себептерінің алдын алу және жою, жабдықтың жұмысындағы бұзылуларды жою, қажетті шикізат пен дайын өнімнің калькуляциясын есептей білу. Оқу жұмыс бағдарламасында қарастырылған World Skills стандарттарын меңгереді және зертханларда өнімдерді дайындау процестерін көрсете алады.

**07130100 «Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)» мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі бойынша электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының қағидаларын (ПТБ), тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық

пайдалану қағидаларын (ПТЭ), электр қондырғыларын орнату қағидаларын (ПУЭ) сақтай отырып ішкі және сыртқы электр тораптарын (кабелдер, оқшаулағыштар, щиттер т.б) және жарық беру қондырғыларын (электр шамның түрлері) монтаждау, қызмет көрсету және жөндеуді меңгереді.

Тұрақты тоқ және айнымалы тоқ машиналарының жұмыс істеу принципін, өлшеу құралдарын ерекшеліктерін үйренеді.

Асинхронды және синхронды машиналардың құрылғысы, олардың жұмыс режимін және әрекет ету қағидатын, асихронды қозғалтқыштың айналу жиілігін іске қосу тәсілдерін және реттеуді түсініп, сызбаны бөлшектеуді, реверс, реверс емес тәсілдерімен іске қосуды және асинхронды қозғалтқыштың айналу жиілігін реттеуді жүзеге асырады. Қозғалтқышттарды іске қосу тәсілдерін айыруды, әртүрлі түрдегі синхронды генераторлардың құрылғысын, әрекет қағидаттарын, артықшылық және кемшіліктерін талдауға мүмкіндік береді.

Трансформаторлардың мақсатын, сыныптамасын, қолдану саласын, конструкциясын және әрекет қағидаттарын түсінеді. Трансформаторлардың сызбасын, жұмысын номиналды режимде, бос жүру режимінде және қысқа тұйықталу режимінде зерттеуді жүзеге асырады.

Трансформатордың параметрлерін есептеуді, трансформаторлардың қосынды тобын түсіндіруді, трансформаторларды қосарлас жұмысқа қосу жағдайын түсіндіру, автотрансформаторлар конструкцияларының. қолдану саласының және әрекет қағидаттарының ерекшеліктерін түсіндіреді.

Теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, маман жұмыс орнында еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережелерін, орындалатын жұмыстардың сапасына, жұмыс орнындағы еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды меңгереді.

**06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) » мамандығына қойылатын талаптар:**

Оқу модулі кәсіби қызметте ЭЕМ құрылғыларын пайдалану және олардың жұмысын бақылау, ақпаратты өңдеу мен басқарудың жүйелерін іске асыру үшін бағдарламалау құралдарын қолдану;, есептеуіш техниканы басқаруға, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды дамыту бағдарламаларын пайдалана алуға, деректер базасымен жұмыс істеуге арналған бағдарламаламен жұмыс жасауға ,пайдалануға , бағдарламалық қамтамасыз етуді қорғау құралдарын және әдістерін пайдалануға, хабарламалар таратуға, бағдарламалар қолдана отырып, тесттерді құрастыруға , ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға оқытады. ЭЕМ кез-келген ақпаратты өңдеу арқылы тасымалдаушылардан компьютерлік құрылғыларға енгізу, вирусқа қарсы бағдарламаларды орната білу, вирусқа қарсы бағдарламалар базасын жаңартуды орындау және жергілікті желілерде жұмыс істеуге оқытады..

Жергілікті желі мен Интернет желісінің жұмыс істеу принциптерін білу, кеңсе техникасының түрлерін және олардың жұмыс істеу принциптерін білу Кәсіби қызмет объектілерін әзірлеу және зерттеу процесін ұйымдастыру кезінде технологияны, аспаптық бағдарламалық құралдарды және есептеу техникасы құралдарын таңдау, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға үйренеді.

Операциялық жүйелерді орнату прқылы баптау және қызмет көрсету, бғдарламалық жасақтаманы орнату және жаңарту, қолданбалы бағдарламалық жасақтамада жұмыс істей білуге үйренеді . Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану жөніндегі нормативтік құжаттарды жүргізуді , бағдарламалық жасақтама түрлері, олардың мақсаттары және жұмыс принциптерін біледі.

Интерфейстерді және қолданбалы бағдарламалық жасақтаманың жұмысын біледі, жабдықты аппараттық және бағдарламалық құралдармен тексеру арқылы ақаулықтың сипатын анықтай алады. Компьютерлік құрал жабдығын ластанудан және шаңнан тазартуды жүргізу жұмыстарын орындай алады. Компьютер жабдықтарының ақауларын диагностикалау кезінде ақпаратты өңдеу кезінде ақаулардың себептерін анықтайды.

Есептік және техникалық құжаттаманы жүргізуде диагностика жасай біледі, компьютерлер мен жеке дербес компоненттердің техникалық сипаттамаларын меңгереді.

ЭЕМ құрылғылардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою бойынша қолданылатын техниканың жай-күйіне бақылау жүргізуді, жөнделген құрылғының механикалық зақымдануын алдын алуына көз жеткізе біледі.

Ақаулы компонентті ақаусыз компонентке ауыстыру әдісімен жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

ЭЕМ құрастыру, бөлшектеу, компьютерлерге жөндеу қызметтерін көрсетуді, принтерлер мен көшіру аппараттарына арналған картриджделді орнату және толтыру бойынша жұмысты орындайды.

ЭЕМ аппараттардың түрлерін, модельдерін және жұмыс істеу принциптерін біледі. Компьютерлік құрылғыларға техникалық қызмет көрсету түрлері мен әдістерін меңгереді.

Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың компьютерлік жүйелерін сүйемелдеу жұмыстарын орындайды.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 21-қосымша талдау:**
**Күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер, экстернат бойынша оқу жылына арналған оқыту нысандары мен тілдері бойынша студентер:**

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Жамбыл облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің **2019 жылы 11 қаңтарда берген нөмірі KZ22LAA00013773** лицензия және лицензия қосымшалары негізінде жүзеге асырады. Күндізгі оқыту нысанында барлық

1 курста: 07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығы 3W0715501 «Электргазымен дәнекерлеуші» біліктілігі бойынша – 25 білім алушы;

07130100 Электр жабдықтары мамандығы 3W07130101 «Электромонтер біліктілігінде» - 18 білім алушы;

06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)» мамадығы W06120101 «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» біліктілігі бойынша – 25 білім алушы;

07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы 3W07161301 «Автомобиль жөндеу слесарі» біліктілігі бойышна – 30 білім алушы;

07210300«Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы 3W07210303 – «Наубайшы», 3W07210302 – «Кондитер» біліктілер бойынша – 49 білім алушы;

07320700«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығы 3W07320702«Жол-құрылыс машиналарының машинисі» біліктілігі бойынша – 25 білім алушы;

Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша – 2 курста – 22 білім алушы;

«Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» мамандығы «Автомобиль кранының машинисі» біліктілігі – 2, 3 курста – 40 білім алушы;

«Дәнекерлеу ісі» мамандығы 1114042 «Электр газымен дәнекерлеушіі» біліктілігі бойынша – 2, 3 курста – 56 білім алушы;

«Нан, макарон және кондитер өндірісі» «Наубайшы» «Кондитер» біліктіліктер бойынша – 2, 3 курста – 66 білім алушы;

«Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы «Автокөліктерді жөндеуші слесары» біліктілігі бойынша –2, 3 курста 46 білім алушы оқиды.

Колледж бойынша білім алушы саны: 426.

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 22-қосымша талдау:**

Бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері:

Бітіруші және екінші курс «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау білім алушыларымен өткен оқу материалына сәйкес, білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу технологиясы бойынша жүргізілді. Тестілік бақылау уәкілетті органмен айқындалған бақылаушының қатысуымен жүзеге асырылды.

Компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау нәтижелері төрт балдық жүйе бойынша бағаланды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін тестілік бақылау кезіндегі бағалау шәкілі мынадай түрде айқындалды:

"өте жақсы" – 90-100 %;

"жақсы" – 70-89 %;

"қанағаттанарлық" – 50-69 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 50 %-ды құрады.

**Білім алушылардың тестілеу нәтижелері төмендегідей көсеткіштермен айқындалды:**

«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығында тізім бойынша 25 студент, олардың тапсырғаны 24 студент, бағалар саны:
«5»-1; «4»-8; «3»-15, 2-ге тапсырғаны 1 студент, орташа балл-3,3, оң бағалар көрсеткіші 96,0%.

«Дәнекерлеу ісі» (қазақ тобы) мамандығында тізім бойынша 24 студент, олардың тапсырғаны 24 студент, бағалар саны «3»-16, «4»-8, бағалар санының 2-ге тапсырғаны студент жоқ, орташа балл-3,3, оң бағалар көрсеткіші 100 %.

«Дәнекерлеу ісі» (орыс тобы) мамандығында тізім бойынша 24 студент, олардың тапсырғаны 22 студент, бағалар саны «3»-6, «4»-16 бағалар санының 2-ге тапсырғаны 1 студент, тестілеуге қатыспады 1 студент, орташа балл-3,6, оң бағалар көрсеткіші 91 %.

«Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығында тізім бойынша 19 студент, олардың тапсырғаны 18 студент, бағалар саны «3»-6, «4»-7, «5»-5, бағалар санының 2-ге тапсырғаны студент жоқ, тестілеуге қатыспады 1 студент, орташа балл-3,9, оң бағалар көрсеткіші 94 %.

«Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» мамандығында тізім бойынша 23 студент, олардың тапсырғаны 20 студент, бағалар саны «5»-4; «4»-12, «3»-4, бағалар санының 2-ге тапсырғаны 1 студент, тестілеуге қатыспады 2 студент, орташа балл-3,9, оң бағалар көрсеткіші 86 %.

«Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығында тізім бойынша 25 студент, олардың тапсырғаны 24 студент, бағалар санының «3»-7, «4»-13, «5»-4 -ке, бағалар санының 2-ге тапсырғаны студент жоқ, тестілеуге қатыспады 1 студент, орташа балл-3,8, оң бағалар көрсеткіші 96% .

Орташа көрсеткіші колледж бойынша 93,8 пайызды құрады.

**V. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерін сақтау.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 5-13-4/2937-И хаты негізінде жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру жұмыс берушілердің

қатысуымен осы МЖМБС, кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарының негізінде дербес әзірленді.

Білім беру бағдарламасының құрылымына мамандық паспорты, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары кіреді. Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде мынадай базалық модульдер оқытылады: дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру, ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану,экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану, қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану және "Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану" модулін қосуды жұмысшы мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. Мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктірілді, теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практика қамтылды.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалды.

Білім беру ұйымындағы дуалдық оқытуды аудиториялық теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы қамтыды. Практикалық сабақтардың мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу жоспарларында, оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу бағдарламаларында айқындалып жұмыс берушілермен келісілді.

Білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты және МЖМБС модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалып, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымшасы білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын маманы деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделіне сәйкес әзірленді.

**Негізгі орта білім базасында:**

1. 07320700- Автомобиль жолдары мен аэродромдарқұрылысыжәнепайдалану-2 жыл 10 ай;
2. 06120100- Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)–2 жыл 10 ай;
3. 07130100- Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)- 2 жыл 10 ай;
4. 07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану-2 жыл 10 ай;
5. 07150500-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)-2 жыл 10 ай;
6. 07210300-Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі-2 жыл 10 ай

## VI. Алдағы 5 жылға арналған даму перспективалары:

Жамбыл индустриалды –технологиялық колледжінің перспективалық жоспары 2025-2029 жылдарға арналып жасалынған.

Перспективалық жоспар өндірістік әлеуеті мен экономикасының деңгейін арттыруға қабілетті, теориялық, тәжірибелік дағдылары жоғары деңгейдегі жұмысшы және орта буындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған. Жоспар бойынша колледждің негізгі міндеттері айқындалған:

- «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы бойынша қол жетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету;
- «Жас маман» жобасы шеңберінде жабдықталған құзыреттілік орталығының кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту;
- World Skills талаптарын ескере отырып, құзыреттіліктерді анықтау бойынша демонстрациялық емтихан ұйымдастыру;
- Білім сапасын бақылау және бағалау сапасы;
- Колледждің техникалық және кәсіптік білім беру мазмұны мен құрылымын әлеуметтік серіктестердің сұраныстарына сәйкестендіру;
- Үздіксіз білім беру жүйесін құру;
- Бұқаралық ақпарат құралдарына ғылыми және талдау мақалаларын жариялау бойынша жұмысты күшейту;

- Колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру жұмыстарын күшейту;
- Үздік тәжірибе-мамандарды және жұмыс берушілерді оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және оны іске асыруға тарту.

Басымдықтары:

- ✓ әлеуметтік серіктестікті дамыту
- ✓ студенттердің білімі мен дағдысын дамыту
- ✓ кадр сапасын артыру
- ✓ кәсіптік бағдарлау жұмыстары
- ✓ оқу - тәрбие үрдісін цифрландыру
- ✓ жұмыс оқу бағдарламаларына WorldSkillsстандарттарын енгізу (академиялық еркіндікті пайдалану)
- ✓ білім сапасын арттыру
- ✓ білім сапасын бақылау және бағалау жүйесін жетілдіру
- ✓ еңбек нарығына мониторинг жүргізу
- ✓ түлектерді жұмыспен қамту
- ✓ материалдық – техникалық базаны арттыру.

Даму жоспары 4 стратегиялық бағыт бойынша жұмыс атқаруды көздейді:

1 бағыт - Білім беруді жетілдіру арқылы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау;

2 бағыт –«Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» қағидасы негізінде тәрбие жұмыстарын жүргізу;

3 бағыт –Кәсіби дағдысы қалыптасқан түлек моделін дамыту;

4 бағыт - Басқару мен қаржыландырудың тиімділігін арттыру және жаңғырту.

Әр бағыт бойынша атқарылатын жұмыстар және оны орындау индикаторларының көрсеткіштері нақтыланған.

- ➢ Кадрлық менеджментті тиімді ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, академиялық еркіндікті пайдаланып, білім сапасын арттыру. Білім беру қызметінің басым бағыттарын жетілдіру, материалдық-техникалық базаны нығайту, әлеуметтік серіктестіктермен ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыру.
- ➢ Өңірлік еңбек нарығын зерделей отырып, бәсекелестік ортаға тез бейімделгіш кәсіби құзыретті мамандар даярлау жұмыстарын үйлестіру.

## VII. Кемшіліктер мен ескертулер

(Өзін – өзі бағалау кезінде анықталған кемшіліктер мен ескертулер жазылады)

**Кемшіліктер мен ұсыныстар**
**(SWOT – ТАЛДАУ)**

| S (Strengths) –күшті жақтары | W (weaknesses) – әлсіз жақтары) | О-мүмкіндіктері | Т–сыртқы қауіптер |
|---|---|---|---|
| 1.Колледждің 2025-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының болуы.<br>2. Академиялық еркіндікті пайдаланылып дайындалған білім беру бағдарламаларының жаңартылуы(барлық мамандықтар).<br>3.Оқу үрдісіне кредиттік-модульдік технологиясын оқыту технологиясының | 1.Мамандықтар бойынша мемлекеттік тілдегі арнайы пәндер оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі.<br>2.Арнайы пәндер оқытушыларының шет тілін білу деңгейінің | 1.Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін ірі кәсіпорындарда тағылымдамадан өткізу.<br>2.Бітіруші курс білім алушыларының зейнетақы қорына қаражат аудару мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу. | 1.Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда заңнамалық және нормативтік ережелер өзгерістердің тез қарқыны.<br>2.Колледжге қабылданатын мектеп түлектерінің білім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| енгізілуі.<br>4.Тәжірибенің (кәсіби практикалық)дуалдық оқыту жүйесі бойынша жүзеге асырылуы.<br>5. Техникалық және кәсіптік білім беруде мемлекеттік бағдарламалар арқылы оқу материалдық-техникалық базаның толықтырылуы.<br>6. Жұмысшы мамандықтарына сұраныстың болуы;<br>7. Жұмыс берушілер тарапынан алынатын сауалнама бойынша білім алушылардың біліміне қанағаттануының «оң нәтиже» көрсетуі.<br>8. Кәсіби чемпионаттар мен байқаларға (WorldSkills, Profi) қатысушылардың республикалық деңгейлерге қол жеткізуі.<br>9.Білім алушыларға колледж тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуі.<br>10.Оқытушылардың біліктілік санаттарының деңгейіне байланысты көтермелеу және ынталандыру шарасының болуы.<br>(педагог- зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог- модератор санаттары).<br>11.Оқытушылардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарына қатысуы.<br>12.Оқытушылар құрамының сандық-сапалық құрамының талапқа сәйкестігі.<br>13.Білім беру ұйымында білім алушылардың қауіпсіздігінің | төмендігі.<br>3.Бітіруші түлектердің жоғары оку орындарының білім грантын иеленуінің төмендігі.<br>4. Компьютерлік техникалардың ескіру жылдамдығының қарқын алуы бойынша колледжді компьютерлендіруді қолға алу. | 3.Республикалық және өңірлік білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмасу.<br>4.Оқытушылар құрамы ішінен оқып жатқан магистранттарды қолдау,оларға жағдай жасауға мүмкіндік беру.<br>5.Кәсіпорындардан арнайы мамандарды шақыру арқылы білім сапасын арттыру. | сапасының төмендігі.<br>3.Еңбек нарығындағы кәсіби бәсекелестік.<br>4. Білікті оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіпорындарға ауысып кету қаупі.<br>5. Өндірістегі техника мен технологиялардың жедел жаңаруының білім беру сапасына әсері.<br>6. «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығының білім алушыларын кәмелеттік жасқа толмауына байланысты кәсіпорындар базасында өндірістік тәжірибеден өткізуде мәселелердің туындауы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қамтамасыз етілуі.<br>14.Колледж кітапханасының интернет желісіне қосылуы, студенттер мен ИПҚ-ге қол жетімділігі.<br>15.Электронды оқулықтардың санының жыл сайын толықтырылуы.<br>16.Қаржылық тұрақтылық.<br>17.Педагогикалық, қамқоршылық кеңес жұмыстарына студенттер, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар мен жұмыс берушілердің белсенді қатысуы.<br>18.Әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыста болуы.<br>19.Дуалдық оқыту нәтижесінде білім алушылардың жұмысқа орналасуы.<br>20.Жұмыс берушілердің сапалы мамандарды даярлауға және оқытуға қатысуы.<br>21. Ақпараттық ресурстарды пайдалануда кедергісіз қол жеткізуі | | | |

**VIII. Қорытынды мен ескертулер:**

Жамбыл инустриалды-технологиялық колледжі Тараз қаласындағы жұмысшы мамандарын даярлайтын кәсіптік оқу орны болып табылады. Бүгінгі таңда мекемеде 47 инженер-педагог қызметкерлер жұмыс атқарады. Колледжде 6 мамандық, 11 біліктілік бойынша 425 студент білім алады. Оның барлығы мемлекеттік тапсырыс негізінде, қазақ және орыс тілдерінде оқытылады.

Колледждің оқу кешені 3 оқу ғимаратынан және спорт ашық алаңы, кітапхана, жатақхана, асхана, хореографиялық зал, оқу залы және мәжіліс залы, «Рухани жаңғыру» кабинеті мен Әдістемелік кабинеттен тұрады. Жылыту жүйесі орталықтандырылған қазандыққа қосылған. 2020 жылы № 2 оқу корпусы күрделі жөндеуден өткізілді.

Нәтижесінде тұлғаны кәсіби қалыптастыруға, дамытуға және машығын шыңдауға бағытталған сапалы білім беру үшін:

1.«Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының оқу зертханасына- 1 942, 026 мың теңге,

2.«Дәнекерлеу ісі» мамандығына-1 026, 032 мың теңге;

3.«Электр жабдықтары» мамандығына 709, 189 мың теңге;

4.«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша 2 041, 080 мың теңге оқу-өндірістік тәжірибе сабақтарының сапалы жүргізілуіне қажетті құрал-жабдықтар алынды.

2020 жылы колледждің «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» және «Дәнекерлеу ісі» мамандықтары «Жас маман» жобасына енгізіліп, жоба аясында аталған мамандықтар бойынша 313 692 093 мың теңгеге құрал- жабдықтар алынды.

Қазіргі уақытта кәсіптік тәжірбиеден 241 білім алушы өтуде, оның ішінде 141 білім алушы дуалдық оқыту бойынша колледж базасында және кәсіпорындарында тәжірбиеден өтуде. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 93 «Дуалдық оқытуды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес колледж жалпы 158 келісімшарт жасады ,оның ішінде 141 білім алушы дуалдық оқыту бойынша өндірістік тәжірбиеден өтуде. «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығының білім алушылары кәсіптік тәжірибесін «Карпаты» ЖК, « Комбинат школьно студенческого питания» ЖШС, Тараз Халвасы ЖШС, « Комбинат школьно студенческого питания» ЖШС, « Гуль И.М» ЖК, «Mausa» ЖК, « Серикбаев» ЖК, «Эльба» ЖШС және «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша білім алушылар кәсіптік тәжірибені «Металл құрылғыларының зауыты» ЖШС, «Тараз Жаңатехнологиялары» ЖШС, «Тараз механикалық зауыты» ЖШС, «Казахэнергоэкспертиза» ЖШС, «Жамбыл вагон депосы» ГКП , «ЖилСтрой» ЖК , «Дони» ЖК , «Нұр» ЖК, «Сексенбаев Н» ЖК, «Тараз ком» ЖШС, «Олимп АқМұра» ЖШС, «Арыков» ЖК, «Азия ВентИнжиринг» ЖШС, «Таразпроммонтаж» ЖШС, «ТемирЛБ» ЖШС, Профторгстрой ЖШС, «Зулуфов» ЖК кәсіпорындарда өтуде. «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)» мамандығының білім алушылары кәсіптік тәжірибесін «Гамбург» ЖШС, « Алтын орда» ЖК, «Еркежан» ЖК, «Vx Development» ЖШС, Камаз-Центр ЖШС, «Кайсар» ЖК, «TTS» ЖК, «ЖМФ Имсталькон» ЖШС, «Бирлик сервис компани» ЖШС, «Тараз меаникалық зауыты» ЖШС кәсіпорындарында өтуде. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының білім алушылары кәсіптік тәжірибесін «Камаз Центр», «Тараз такси» ЖШС кәсіпорындарда өтуде. «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығының білім алушылары кәсіптік тәжірибеден КГУ №60 ОМ, «Ахметов Жандарбек Усипбекович» ЖК, «Фотосалон «Шарм» ЖК, «ProfiCom» ЖК, «С.П. Рола-Ян » ЖШС, КГУ №6 ОМ, ЖК «Ир Сервис», КГУ №31 ОМ, «Таразқантзауыты» ЖШС, «Аспан Energy» ЖШС, Сервис орталығы ЖК «Михальчук», «Тараз Кожобувь» ЖШС, КГУШ №9 ОМ кәсіпорындарында өтуде.

Колледждің оқу базасында «Арнайы пәндерді оқытудың заманауи әдістемесі», «Бастапқы әскери даярлық пәнін оқытудағы жаңа өзгерістер», «Колледж кітапханасының жұмысын тиімді ұйымдастыру» және «Қазақстандағы білім беруді цифрландыру», «Пісіру технологиялары» құзыреттілік орталығында өндірістік оқытуды сапалы ұйымдастырудағы жаңа мүмкіндіктер» тақырыптары бойынша облыстық семинарлар ұйымдастырылды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының негізгі жұмыстарының бірі - кәсіби бағдар беру.

Осы мақсатта жасөспірімдерге өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындау бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. «Отбасы күніне» орай Тараз қаласының әкімдігімен бірлесіп Тараз қаласының тұрғындарының арасында «Taraz Food Fest» фестивалі ұйымдастырылды. Ене мен келіннің қатысуымен өткен іс-шарада дәстүрімізде ұмыт болған ұлттық тағамдар дайындалып, жиналған көпшілікке насихатталды. Іс-шара барысында қала тұрғындарына колледждің материалдық-техникалық базасы, оқытылатын мамандықтар таныстырылды.

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығымен бірлесе отырып мектеп оқушылары арасында «World skills» қозғалысы аясында «Junior skills-2023» байқауы өткізілді. Байқауға Тараз қаласы мен аудандардан мектеп оқушылары қатысты. Оқушылар нан өнімдерін әзірлеп, колледждің мүмкіндіктерімен тынысты.

Еңбек күніне орай «Гаухартас» мейрамханасының басшысы, облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Лештаева Меруерт Каттабаевнамен студенттер арасында мотивациялық кездесу өткізілді. Мейрамхана аспазшылары тағам даярлау бойынша студенттерге шеберлік сабақтарын көрсетті. Мотивациялық кездесу барысында Меруерт Каттабаевна өзінің еңбек жолын таныстырып, ресторан бизнесіндегі қызықты оқиғалар мен өмірлік тәжірибесін бөлісті.

Облыстық жастар орталығымен бірлесіп жастар арасында «Профи-2023» кәсіби жастар байқауы өткізілді. Байқауға Тараз қаласы мен аудан жастары қатыстып «Дәнекерлеу ісі» мамандығы насихатталды.

2024-2025 оқу жылында 6 мамандық бойынша мемлекеттік білім тапсырыс негізінде колледжге 175 орынға қабылдаулар жүргізілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 32 орынға артық. Аталған орындарға қабылдаулар жүргізу үшін үгіт-насихат жұмыстары жоспарлы жүргізілді. Осы бағытта ауқымды іс-шара негізінде «WorldSkills Jambyl-2024» өңірлік кәсіби чемпионатының «Дәнекерлеу ісі», «Наубайшы», «Кондитерлік ісі» құзыреттіліктері колледж базасында өткізу жоспарлануда. Іс-шараға мектеп оқушылары, жастар мен қала тұрғындары қатыстырылатын болады. Сонымен қатар, мектептердегі кәсіби бағдар беру мамандарына арналып облыс көлемінде «Мамандығым - болашағым» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді.

Ендігі кезекте педагогтармен студенттер, колледж жетістіктеріне тоқталатын болсақ:

«Komek.Demeu.kz» қоғамдық қоры мен «Taraz Jastar» қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Он саусағың біріксе» атты техникалық мамандықтар арасындағы байқауда «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының студенті Таубай Әнел, «Дәнекерлеу ісі» мамандығының студенті Амантай Ернар, «Электр жабдықтары» мамандығының студенті Кемелбек Байсұлтан І орындарды иеленді. Жеткешілері: Жадыра Жексеновна, Азат Миятұлы, Сара Мырзахметовна.

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану» облыстық онлайн-олимпиадасында «Есептеу техникасы және ақпараттық желілері» мамандығының студенттері А.Мадазимов, Н.Цыгулев, С.Парпиев ІІІ орынды иеленді. Жетекшілері: Евгений Валерьевич, Нариман Шарипович.

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Startup Bolashak» байқауында «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының студенті Құлтай Ұлжан ІІ орын иеленді. Жетекшісі: Азат Миятұлы.

«WorldSkills Jambyl-2023» өңірлік кәсіби чемпионатында «Дәнекерлеу ісі» құзыреттілігі бойынша Джиенбаев Нұрқуат І орынды иеленді. Жетекшісі: Айдар Ортанович.

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік педагог - 2023» байқауында арнайы пән оқытушысы Жаманқұл Азат Миятұлы «Ізденімпаз педагог» номинациясымен марапатталды.

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жылдың үздік оқырманы» облыстық байқауында «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының студенті Бекмурзаева Альфия ІІІ орынды иеленді. Жетекшісі: Думан Қойлашбайқызы.

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарына арналған 2023 жылғы «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқаунын аймақтық кезеңінің «Экологиялық сауаттылық» атылымында арнайы пән оқытушысы Рамазанова Сабира Сарсеновна І орын, «Экологиялық сауаттылық» атылымында арнайы пән оқытушысы Жаманқұл Азат Миятұлы ІІІ орын иеленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаментінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен «Мен кәсіпкермін» Республикалық Гранд турнирінде «Дәнекерлеу ісі» мамандығының студенттері Алайдар Ыбырай мен Сұлтанбек Бактияр ІІІ орынды иеленді. Жоба жетекшісі: Азат Миятұлы.

2023 жылдың 22-27 қараша аралығында Астана қаласында «WORLDSKILKS KAZAKHSTAN-2023» VIII Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Наубайхана ісі» құзіреттілігі бойынша колледж түлегі Сәкен Ақбота Сәкенқызы және «Дәнекерлеу құзыреттілігі» бойынша колледж түлегі Лесбаев Елнұр Тұрсынханұлы «ҮЗДІК МАМАН» номинациясы бойынша медальон иеленді. Жетекшілері: Айдар Ортанович, Сара Мырзахметовна.

«Мен - кәсіпкермін» республикалық байқауында «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығының студенті Құлтай Ұлжан, «Дәнекерлеу ісі» мамандығының студенті Амантай Ернар III орынды иеленді. Жетекшісі: Азат Миятұлы.

**Проблемалар:**

1. Мамандықтар бойынша мемлекеттік тілдегі арнайы пәндер оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі.
2. Арнайы пәндер оқытушыларының шет тілін білу деңгейінің төмендігі.
3. Компьютерлік техникалардың ескіру жылдамдығының қарқын алуы бойынша колледжді компьютерлендіруді қолға алу.
4. Колледжге қабылданатын мектеп түлектерінің білім сапасының төмендігі.
5. Еңбек нарығындағы кәсіби бәсекелестік.
6. Индустриалды – технологиялық мамандықтарды даярлайтын біліктілігі жоғары кәсіптік білім беру кадрларының тапшылығы.

**Шешу жолдары және ұсынымдар:**

1. Мемлекеттік тілдегі арнайы пәндер оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарға қаржы қарастыру.
2. Мамандықтар бойынша арнайы пәндер оқытушыларын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізу.
3. Колледжді компьютерлендіруге қаржы қарастыру.
4. Кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлау мақсатында білім беру бағдарламаларын өзектендіру, білім беру саласына біліктілігі жоғары мамандарды қабылдау.
5. Жақын шетелдер мен өңіріміздегі индустриалды –технологиялық мамандықтарды даярлайтын жоғары және орта кәсіптік білім беру оқу орындарымен әріптестік ынтымақтастықты орнату.

Комиссия төрағасы ________________ Туменбаев Даурен Кыдырбекович

Комиссия мүшелері:

1. А.Жунисбеков __________________
2. Б.Есенов __________________
3. Р.Нұғманжанова ____________
4. Д.Ахыбаева _________________
5. Т.Мырзақ _________________
6. Р.Сисенбаева __________________
7. Д.Тәттібаева __________________
8. Р. Муса-Ахунов __________________
9. Э.Нұржігітқызы ________________
10. Б.Базарбаева _________________